КОМПАНИЯЛАРЫМЫЗ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ АТАЛУЫ КЕРЕК

2-бет

ОҒЫЗ ДОҒАНДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚОРҒАҒАНЫ ҮШІН «ҚАРА ТІЗІМГЕ» КІРГІЗІП, ҰШЫРМАУ ДЕГЕН НЕ МАСҚАРА!

3-бет

В ЕВРОПЕ НАЛОГОВЫЕ ОРГАНЫ СЛУЖАТ БИЗНЕСУ, А У НАС БИЗНЕС – НАЛОГОВЫМ ОРГАНАМ!?

4-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №38-39 (856-857), 14 qazan, 2019 jyl

ӘБЕ ӘЛЕМІ

...Егемендікке енді аяқ басқан Қазақстанның төбесіне орыстың ұрыншақ жазушысы Солженицын әңгір таяқ ойнатты. Анау-мынау емес, Қазақстанның бүкіл солтүстігіне ауыз салды. Әбе, Әбдіжәміл Нұрпейісов, тағы да қалам-семсерін қолға алды. «Известия» бетінде Солженицынның сыбағасын берді. Сол жолы Қазақстан тыңын ғасырлар бойы «патшалар игере алмағанда біз, оқ шығындамай-ақ игердік» деген Хрущевті де қосақтап ұрып жіберді.

10-11 бет

МОҢҒОЛИЯ ТҮГІЛІ РЕСЕЙМЕН ДЕ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСУІМІЗ КЕРЕК!

Осы біздің билікте қазақтілділерге қарсы, орыстілділердің ұйымдасқан ұйымы бар-ау деймін... Әйтпесе, Қуандық Шамахайұлының «қазақ-моңғол тілінде аудармашы болып берейін» дегеніне неге қарсы болады? Бұдан кейін Үкімет отырысын, еліміздегі де, шетелдердегі де халықаралық кездесулерді қатаң қадағалап отыруымыз керек!

3 бет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВҚА АШЫҚ ХАТ

АДАМ ТАҒДЫРЫН ОЙЫНҒА АЙНАЛДЫРҒАН

ЛАУАЗЫМДЫЛАРДЫҢ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ТОСҚАУЫЛ БОЛУЫҢЫЗДЫ СҰРАЙМЫЗ!

6 бет

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ТАРИХИ ФОТОСУРЕТТЕРІ ТАБЫЛДЫ

12-13 бет

ПОЯВЯТСЯ ЛИ «УМНЫЕ СЕЛА» В КАЗАХСТАНЕ?

Наша жизнь стремительно меняется на глазах, и кто не успеет на «поезд современности», тот может остаться на обочине истории. В последние десятилетия развитие технологий вышло на некую финишную прямую...

16 бет

№38-39 (856-857), 14 qazan, 2019 jyl

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

КОМПАНИЯЛАРЫМЫЗ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ АТАЛУЫ КЕРЕК

Бизнеске кедергі келтіретін барлық тосқауылдарды жою қажет. Бұл туралы елорда әкімдігінде өткен шаһарды одан ары дамыту мәселелері жөніндегі мәжілісте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.

«Бизнеске кедергі келтіретін барлық тосқауылдарды жою қажет. Кәсіпкерлер үшін инженерлік желілерге қосылу айтарлықтай проблема болып отыр. Жер учаскелерін жалға беру аукциондарында коммуникацияларға қосылуға техникалық мүмкіншіліксіз жиі ұсынылып жатады. Немесе құрылыс барысында бұрын берілген шарттар өзге шартқа өзгертіледі. Мысал келтіре кетейін, «Premium Development Life Park» ЖШС-да электр көзіне қосылуда проблема болды. Атауы өте қызықты екен. Жалпы, бұл компанияның атауы неліктен қазақ тілінде болмайды? Біз жаңа компанияларымызды ең алдымен, қазақ тілінде атауымыз керек. Бұл мәселені назарға алу керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының дерегінше, аталған компания қосылуы тиіс электр желісі «Сарыарқа« велотрегінің аумағына болған. Ал велотрек басшылығы компанияны өз аумағына жібермеген. Президент бұл жиында қала басшылығына бірқатар сын айтты. Мәселен, тұрғын үй салу мәселесі, салынған жолдардың сапасыздығы айтылды. Әсіресе, қаладағы жұмысы тоқтап қалған жеңіл рельсті көлік құрылысы қатаң сынға алынды. Оны Тоқаев «күдікті құрылыс» деп атады. Қыруар қаржы жұмсалған бұл нысан үшін әкімдіктегілер басымен жауап беретінін, осыған байланысты құқық қорғау органдарына тексеруді тездетуді тапсырды.

ШЕТЕЛГЕ МАЛ БЕЙ-БЕРЕКЕТ САТЫЛМАСЫН

Қазақстанда шетелге мал сату бойынша күрделі жағдай қалыптасып отыр. Бұл туралы Парламент Сенатының жалпы отырысында депутат Әли Бектаев мәселе көтеріп, сауал жолдады.

«Көрші мемлекеттер, әсіресе Өзбекстан Республикасы мемлекетаралық сауда-саттық қарым-қатынастың оңтайлығын пайдалана отырып, қазақстандықтардан ірі қара мал мен уақ малдарды жаппай сатып алу саясатын жүргізуде. Мысалы, 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстаннан тыс жерге 88 мыңға жуық мал сатылса, тек биылғы тоғыз айдың өзінде 333 мыңнан астам мал шығарылған. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 3,8 есе көп. Сатылған ірі қараның саны 2 есе, ал уақ малдың саны 7 есеге өскен. Сыртқа сатылған мал басының 80 пайызын Өзбекстан азаматтары сатып алған. Олар Қазақстанның шекара аумағында орналасқан Түркістан, Қызылорда облыстарынан ғана емес, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Алматы, Жамбыл облыстарынан да малдың сапалы бөлігін іріктеп алуда. Ең сорақысы, шетке сатылған малдардың 50 пайызға жуығы репродуктивті аналық бастар, яғни көршілес мемлекеттер Қазақстанның малдарын етке ғана емес, өз малдарының сапасын жақсартуға және мал басын көбейту үшін де сатып алуда», – деді Әли Бектаев ҚР Үкімет басшысы Асқар Маминнің атына жолдаған депутаттық сауалында. Сенатордың пайымынша, бұл жағдай әлі де 1991 жылдың деңгейіне жете қоймаған Қазақстандағы мал басының өсуіне кері әсерін тигізеді. ҚР Үкіметі тарапынан мал экспортына қатысты ауқымды және ұтымды шаралар қабылдануы қажет деп есептейді сенатор.

БАНКТЕР БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫН ҚАЙДА ЖІБЕРІП ЖАТЫР?

Коммерциялық банктер бюджеттен алған триллиондар жайлы неге есеп бермейді? Сенаторлар банктерді қолдауға бөлінген қыруар қаржының тиімді жұмсалып жатқанына күмән келтірді. Өйткені осы уақытқа дейін екінші деңгейлі банктерді құтқару үшін қазынадан бөлінген 3 триллион теңгенің қайда жұмсалып жатқаны белгісіз.

Бюджеттен алған триллиондар жайлы қаржы ұйымдары неге ашық мәлімет бермейді? Бұл сұраққа жауап таппай дал болған депутаттар Ұлттық банк төрағасын қыспаққа алды. Елімізде «көрсеткіші нашар» деп бағаланған банктердің төңірегіндегі дау ушығып барады. Мемлекеттен көмек ретінде қыруар қаржы алса да, жұмысты мандыта алмай отыр. Сондықтан, сенаторлар коммерциялық ұйымдардың қызметіне күмән келтірді. «Осы уақытқа дейін банк секторын қолдау үшін бюджеттен 3 триллионнан астам ақша бөлінген. Осыған орай сұрақ туындайды, банктерге қыруар қаржы құйғанымыздан қандай пайда болды? Ақша тиімді жұмсалды ма?» деген сұрақты депутат Сергей Плотников турасынан қойды Бас банкирге. Сенаторлардан сескенбеген Бас банкир де тосылып қалмады. Данияр Ақышевтың айтуынша, алаңдауға еш негіз жоқ. Берілген қарызға банктер соңғы 10 жыл бойы қайтарылмаған несиелерін жабуда. Әрі орта және шағын бизнесті қаржыландырып, жеке тұлғаларға да ақша беріп жатыр екен. Бірақ, барлығы емес. Үш бірдей коммерциялық ұйымның ісі алға баспай тұр дейді Ақышев. Ол банктерде несие портфелінің көрсеткіші тым төмен. Сол үшін клиенттердің алдында өз міндеттерін орындай алмай отыр. Қазір осы банк акционерлерімен жүйелі түрде келіссөз өткізіп, мәселені шешуге тырысып жатырмыз. Бұған дейін мемлекет басшысы да осы банктерді қатаң сынға алып, бұдан былай оларға көмек ретінде ақша бөлінбейтінін айтқан еді. Өйткені, қаржы ұйымдары бөлінген ақшаны несие ретінде таратудың орнына, басқа жобаларға құйып, тіпті депозитке салып пайда тауып отырғандарын айтқан болатын. Ақышевтің сөзіне сенсек, триллиондар бекерге ысырап болмайды, банктер оны алдағы 15 жылда мемлекетке соңғы тиынына дейін толық қайтарып беруі тиіс.

ДЕПУТАТТАР БАСПАНА МӘСЕЛЕСІН ҚАЙТА КӨТЕРДІ

Депутаттар үй-күйсіз жүрген жарты миллион отбасыны баспаналы ету мәселесін көтерді. Жыл сайын миллиондаған шаршы метр баспана берілсе де, құрылыс қарқыны өте баяу. Сондықтан, пәтер кезегіне тұрғандар 50 жылға дейін жеке үйіне қол жеткізе алмауы мүмкін.

Депутаттар мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасына реформа жасаймын деп Мәжіліске келген Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрін сынға алды. «Нұрлы жермен» бой көтеріп жатқан үйлердің сапасы нашар. Шенеуніктер тарапынан бақылау аз. Құрылысшылардың лицензияларының мерзіміне өзгеріс керек деп есептейді депутаттар. Баспана салудағы тағы бір кемшін тұс – екпіннің баяулығы. Екі жарым жылдың ішінде үй кезегіндегілердің 6 пайызы ғана өз баспанасына қол жеткізген. «Алматы облысында 48 мыңнан астам азамат кезекте тұр. Бұл ретте соңғы үш жылда оған бар болғаны 18,7 млрд. теңге ғана бөлінген. Егер біз осындай қарқынмен тұрғын үй салатын болсақ, тіпті, енді 50 жылдың өзінде кезекте тұрғандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мүмкін болмайды», – деді депутат Нұртай Сабильянов. «Нұрлы жердің» шапағатын көруге асыққан жұрт жан-жаққа сабылып жүр. Өйткені, мемлекеттік бағдарламаны іске асырумен «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі», «Баспана», «Қазақстан ипотекалық компаниясы» мен «Бәйтерек» холдингі айналысады. Атаулары басқаша болғанымен атқаратын қызметі бірдей. Осы жерде халық қалаулылары бір-бірін қайталайтын операторлар санын қысқартуды талап етіп, «қойшы көп болса, қой арам өледіге» келтірді.

Соңғы екі жылда «Нұрлы жер» бағдарламасына 414 млрд. теңге бөлінген. Биыл 13 млн. шаршы метр үй қолданысқа берілуі тиіс. Жыл аяғына дейін құрылысқа деп бөлінген бюджет қаржысы толықтай игерілмеуі мүмкін. Өйткені, салынып жатқан баспаналар саны аз. Депутаттар министр Атамқұловқа осы жағын қатаң қадағалауды талап етті.

LRT ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАҒАН ӘКІМДЕРДІ ЖАУАПҚА ТАРТУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтанда жеңілрельсті көлік (LRT) жобасын күмәнді деп атады.

«Енді жеңіл рельсті көліктің құрылысы туралы – LRT. Үкімет пен әкімдік әлі де даулы жобаны іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыруды шешті, бұл туралы мен үкіметтегі кеңесте айтқан болатынмын. Былайша айтқанда бұл күмәнді жоба. Маған баяндауы бойынша, басқа жол жоқ, біршама бөлігі басталып кеткен», – деді Тоқаев Нұр-Сұлтан әкімшілігінің жиналыста.

«Осы орайда Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне тергеуді жандандыруды тапсырдым. Үстінен жүріп өту болмасын. Біреулердің шекара асып қашқанын айтып, екіншілерді байқамайды да. Олар қашатынын жоспарлап қойған, түсінікті емес пе? Атап айтқанда, әкімдік басшылары бір кездері шешім қабылдады емес пе, олардың қолтаңбалары қалғаны анық», – деді Президент.

КӨМЕККЕ МҰҚТАЖ АДАМДАР САНЫ КӨБЕЙІП БАРАДЫ

Депутаттар атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдардың саны рекордтық деңгейге жеткенін айтып, алаңдаушылық білдіріп жатыр. Айтуларынша, соңғы бірнеше айдың өзінде жәрдемақы алатындардың қатары 500 мың азаматқа артқан.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегінше дәл қазір елімізде екі миллионнан астам адам мемлекеттің көмегіне мұқтаж. Олардың дені – аз қамтылған және көп балалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандар. Жыл соңына дейін оларды қаржылай қолдау үшін бюджетте ақша қарастырылмағандықтан қосымша 37 миллиард теңге бөлу қажет. Мәжілісмендер 2019 жылға арналған республикалық бюджет жобасын қайта қарады. «Бізде небәрі 8 миллион адам ғана еңбекке жарамды. Тәуелсіз Қазақстан тарихында мұндай жағдай болған емес. Сонда осы уақытқа дейін қолға алынған ауқымды жұмыспен қамту бағдарламалары нәтиже берген жоқ па? Бұл қалай? Бұған кім жауап береді?» – деді осыған орай қатты таңғалған Мәжіліс депутаты Гүлжан Қарағұсова. Кезінде өзі де жоғары лауазымды қызметтер атқарған депутат бұл сұрақтың жауабын нақты кімнен талап ету керектігін ұмытып қалған сияқты.

МОҢҒОЛИЯ ТҮГІЛІ РЕСЕЙМЕН ДЕ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕСУІМІЗ КЕРЕК!

Алдағы аптадағы Қазақстан мен Моңғолия үкіметтерінің елордамызда өтетін кездесуі орыс тілінде өтпекші болып, үкімет жанталасып орыс-моңғол тілін білетін тілмаш іздеп жатқан көрінеді. Белгілі журналист-жазушы Қуандық Шамахайұлының Фейсбук парақшасында жазуы бойынша оған да осындай өтінішпен хабарласыпты. Бірақ бүкіл Үкіметтен табылмаған ұлттық намыс – Шамахайұлының шамына тиіп, бас тартыпты. Пұл үшін емес, Тіл үшін қаржылық пайдалы ұсыныстан бас тартқан Қуандық мырзаның қазақтық намысына бек ризамыз! Бұл туралы Абай.кз сайты да сынап жазды.

Егер Моңғол премьер-министрі Хүрэлсүхпен Қазақ премьер-министрі Асқар Мамин бұл екі елге де еш қатысы жоқ айдаладағы Ресей тілінде сөйлесетін болса, Маминнің отставкаға кетуін талап етуіміз керек! Бұл – Қазақ тілін – Мемлекеттік тілді – Мемлекетті қорлау!

Елдік қасиет, Ұлттық намыс бар болса, Тәуелсіз Қазақ Елі Моңғолия түгілі Ресейдің өзімен Қазақстанда ғана емес, Мәскеуде де Қазақ тілінде сөйлесуі керек аудармашы арқылы. Сонда ғана олар біздің осыдан отыз жылдай бұрын Тәуелсіздік алғанымызды естеріне түсіруге тырысады.... Сонда ғана «қазақтардың өз елі болмаған, өз тілдері жоқ» деп жүрген Жириновский сияқтылар ойлана бастайды... Азаттық алғанымызға аттай отыз жылдай уақыт өтсе де бұндай ой бастары түгіл үш ұйықтаса да түстеріне де кірмейтін, бұндай талап естісе талып қалатын біздің үкіметтен не үміт, не қайыр?!. Ал туысымыз, халқы бізден екі есе аз Әзірбайжан елінің демократ президенті Әбүлфейз Елшибей 1992 жылы-ақ, Мәскеуде аудармашы арқылы әзірбайжан тілінде сөйлескені белгілі... Әй, бірақ бұны білетін біздің Үкімет бар ма?

Осы біздің билікте қазақтілділерге қарсы, орыстілділердің ұйымдасқан ұйымы бар-ау деймін... Әйтпесе, Қуандық Шамахайұлының «қазақ-моңғол тілінде аудармашы болып берейін» дегеніне неге қарсы болады?

Бұдан кейін Үкімет отырысын, еліміздегі де, шетелдердегі де халықаралық кездесулерді қатаң қадағалап отыруымыз керек!

Қазыбек ИСА
Qazaquni.kz

ОҒЫЗ ДОҒАНДЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚОРҒАҒАНЫ ҮШІН «ҚАРА ТІЗІМГЕ» КІРГІЗІП, ҰШЫРМАУ ДЕГЕН НЕ МАСҚАРА!

АБЗАЛ ҚҰСПАН «ЭЙР АСТАНАМЕН» СОТТА ТАҒЫ ДА ОҒЫЗ ДОҒАННЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙТЫН БОЛАДЫ

Біздің елде жеке компаниялардың ішкі заңы Мемлекеттің заңынан күшті ме?

Адвокат Абзал Құспан «Эйр Астанамен» сотта тағы да Оғыз Доғанның мүддесін қорғайтын болады.

Мемлекеттік тілді қорғап, сотта жеңіп шыққан Оғыз Доғанды «Эйр Астана» қалайша «қара тізімге» кіргізеді?!. Отбасымен, әйелі және кішкентай сәбиімен Шымкентке ұшқалы тұрғанда заңды билеті болса да, ұшаққа жібермей қойды. Бұл барып тұрған заңсыздық!

Ұшырмайтын болса, «сотта жеңілгені үшін кек алатын болса, неге билет сатады бір жарым ай бұрын?!.

Біздің елде жеке компаниялардың ішкі заңы Мемлекеттің заңынан күшті ме?

Фейсбуктағы дабылды көрген белгілі адвокат Абзал Құспан маған телефон соғып, «Эйр Астанамен» тағы да сотта жолығатынын мәлімдеді. «Эйр Астана» компаниясының бұл ісі барып тұрған заңсыздық! Алдында «Эйр Астана» компаниясын сотқа берген Оғыз Доғанның ісін мен қорғап, жеңіп шыққанымыз белгілі. Енді Оғыз Доған қайта сотқа беруі керек! Мен өзім қорғайтын боламын»-деді адвокат Абзал Құспан!

Иә, ол атышулы сотта Қазақ тілінің мүддесін «Қазақ үні» бастаған қазақ сайттары да қорғаған болатын.

Тәуелсіз Қазақ әуе жолын жекешелендіріп алған «Эйр Астанамен» енді тағы да жеңісті сотта жолыққанша, Тіл күрескерлері!

Қазыбек ИСА
qazaquni.kz

КОНСТИТУЦИЯНЫ БІЛМЕЙ,

САЯСИ ҚАТЕЛЕСКЕН ШИПОВСКИХ МЫРЗАҒА ЖАУАП!

Қазақстан ұлттық телеарнасында «Мемлекеттік тілдің мәртебесі» тақырыбы талқыланатын «Ашық алаң» бағдарламасына спикерлердің бірі ретінде қатысқан Мәжіліс депутаты Геннадий Шиповских, қазақ тілінің тағдырына қарсы сөз сөйледі... Шынымды айтсам, мен бұл кісіні қатты құрметтеймін!.. Өйткені, мен Геннадий мырзаны, өзі орыс бола тұрып, қазақ ұлтының билігін мойындап, қазақтың тілін сыйлаумен қатар, халықтың әлеуметтік жағдайына қатысты көптеген мәселелерді де көтеріп жүрген адал азамат ретінде танимын. Сол үшін айтқан сөздеріне таң қалдым! Ақын Қазыбек Иса Ұлттық Кеңестегі сөзін қайталап, «Атазаңның 7–бабының 2–тармағын» өзгерту, яғни «орыс тілі ресми түрде мемлекеттік тілмен тең қолданылады» деген сөзді алып тастау туралы халық талабын жеткізді.

Осы ұсынысқа жауап ретінде сөйлеген сөзінде заң шығарушы орган – Мәжіліс депутаты Шиповских Негізгі заңды білмейтінін, Конституциядан хабары жоқ екенін көрсетті. «Бұл үшін референдум өткізу керектігін, өйткені Қазақстанның көпұлтты мемлекет екенін» бірнеше рет қайталап айтты. Қаласаңыздар, депутат мырзаның бағдарламада не деп айтқанын бірге тыңдап көрейік:

Біз, бүгінгі таңда Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Сондықтан да, меніңше, жаңағы Қазыбек мырза да көп нәрсені айтты, агенттік құру туралы, Конституция туралы, біздің конституцияға өзгеріс енгізу үшін үлкен бір халықтық референдум жасау керек. Ал енді, мен сізге айтайын, біз бүгінгі таңда моно-мемлекет емеспіз, біз көп ұлтты мемлекетпіз. Сондықтан да, ол мәселені жан-жақты қарау керек меніңше. Бұл туралы екінші рет сөзге шыққанда «референдумның керектігін» тағы бір рет басып айтып ескерткен Геннадий мырзаның ойынша; Қазақстанда – қазақ ұлтынан басқа – көптеген ұлттар болғандықтан, қазақ тілінің болашағын шешер алдында олардың да пікірін сұрау керек екен және бұл «басқа ұлттардың құқығын ескеру» деп аталады екен!

Референдум керек дүние қалай болғанда да. Біздің елімізде көптеген ұлттар бар. Көптеген ұлттардың да құқығы бар. Оны да ескере кетуіміз керек. Депутат мырза, біріншіден сөзіңіз ғылыми жақтан қате. Мүмкін сіз «көп ұлтты мемлекет» дегенде «көп ұлттары бар мемлекет» дегенді меңзеген шығарсыз. Ал саясаттану ғылымы бойынша «көп ұлтты» деген – бұл ғылыми термин болып табылады және «көп ұлттары бар» деген сөздің синонимі емес!

Жер бетінде сіз меңзеп отырғандай көп ұлтты мемлекеттер жоқ па, әрине бар...

Мысал үшін; Люксембург. Осы көп ұлтты елдің 3 ресми тілі бар, олар – Люксембург, неміс, француз тілдері. Люксембург — конституциялы-монархиялы мемлекет. Мемлекет басшысы – ұлы Люксембург монархы.

Ал, Қазақстан болса, менен жақсы білуіңіз керек – монархия емес, Республика... Және Атазаңда Қазақстанның көп ұлтты емес, «біртұтас», яғни, унитарлы мемлекет екені анық көрсетілген!

Екінші көп ұлтты мемлекет ретінде Бельгияны мысал келтіре аламыз. Белгияны екі ұлт – валлондар мен фламандар мекендейді екен. Белгияда үш ресми тіл бар, олар – фламанша, французша, немісше. Белгияның ресми атауы – Белгия Корольдігі...

Ал, Қазақстан болса, менен жақсы білуіңіз керек – корольдік емес, Республика... Және Атазанда Қазақстанның көп ұлтты емес, «біртұтас», яғни унитарлы мемлекет екені анық көрсетілген! Осындай дамыған монархиялық елдерден басқа, Оңтүстік Америка мен Африканың дамымаған елдері арасынан көптеген «көп ұлтты» мемлекеттерді кездестіре аласыз. Осы орайда, жақын тарихта бөлініп, ыдырап кеткен көп ұлтты, көп тілді Югославия секілді мемлекеттерді де еске алғаныңыз жөн болар еді!..

Екіншіден, әлемде құраушы ұлттан басқа да ұлттар өмір сүрмейтін мемлекет бар ма, айтыңызшы?! Мүмкін, мұхиттағы кейбір кішкентай аралдарда ғана жалғыз ұлт тұратын шығар. Басқа ұлттар да бар деп, әрбір мемлекет, құраушы ұлттың тағдырын шешу үшін референдум өткізе беріп, өзге ұлттардан рұқсат сұрайтын болса, әлемде қандай хаос орын алар еді, елестетіп көрдіңіз бе?

Сіз сосын, «Біздің елімізде көптеген ұлттар бар. Көптеген ұлттардың да құқығы бар. Оны да ескере кетуіміз керек», – дейсіз ғой!.. «Басқа ұлттардың құқығы» деген кезде орыс ұлтын меңзеп отырғаныңыз, айтпасаңыз да түсінікті ғой. Мен сізден сұрағым келеді, өзіңіз орыс ұлтының өкілі болған үшін бүгінге дейін қай қазақ, сіздің қандай құқығыңызды бұзды? Сіз орыс болғандықтан, қай қазақ сізді кемсітті, өзекке тепті, қай қазақ сізді қорлады? Түрлі себептермен, өз еліне қоныс аударып келген алуан түрлі ұлттарды бауырына басып, олармен ішкен суын, бір тілім нанын бөліскен осы мейірімді қазақ емес пе еді? Енді оған, еліңнің, тіліңнің тағдырын шешу үшін өзге ұлттардан рұқсат сұра деймісіз?

Қазақ тілі – Қазақстандағы барлық ұлттардың ұйытқысы екенін естен шығармаңыз, депутат мырза!.. Сіз, Қазақстан халықтарының бірлігі мен ынтымағының, достығы мен татулығының символдарының бірісіз, сондықтан да құрметке өте лайықты адамсыз!.. Сіздей үлгі тұтарлық адамның Қазақстанның нағыз патриоты екеніне әлі де сенімдімін! Сол үшін түсінерсіз деп ескертіп өткім келеді:

Сіздің қазақ ұлтының болашағын шешуші «референдум» дегеніңізді, отаршыл шовинизмге қарсы бас көтеріп, ұлт-азаттық күресін бастаған Алаш зиялылары осы әрекеттерімен өткізіп еді...

Осы референдум, Алашорда үкіметінің құрылуымен нәтижесіне жетті.

Референдум нәтижесінің мәтіні, Мұстафаның көз жасымен, Әлиханның, Мағжанның, Ахметтің, Міржақыптың, Шәкәрімнің таза қанымен жазылды.

Осы референдумға 1986 жылдың Желтоқсанында, Алматының аязында қазақ жастары тарапынан мөртаңба басылды!

Сіз айтқан референдум, 1991 жылы тәуелсіздік декларациясы қабылданған күні, ресми түрде бекітіліп, бүкіл әлемге жария етілді!

«Қазақстан көп ұлтты мемлекет» деген бір түсініксіз, өтірік сөз бар.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет емес. Қазақстан қазақ ұлтының жері!

Және әрине, Қазақстан Республикасының азаматы өзге ұлт өкілдері бар қазақ ұлтымен тең құқықтарға ие.

Бірақ олар, жай ғана этнос өкілдері!

Оғыз ДОҒАН,
Қазақ үні

В ЕВРОПЕ НАЛОГОВЫЕ ОРГАНЫ СЛУЖАТ БИЗНЕСУ, А У НАС БИЗНЕС – НАЛОГОВЫМ ОРГАНАМ!?

Парламентская фракция партии «Ак жол» настоятельно предлагает правительству снизить ставки НДС для приоритетных отраслей экономики.
С запросом по поводу снижения ставок НДС от имени фракции к премьер-министру Аскару Мамину обратился депутат мажилиса Азат Перуашев.

– Уважаемый Аскар Узакпаевич! Полагаем, что переход к пониженным отраслевым ставкам НДС мог бы стать началом реальной налоговой и экономической реформы, о необходимости которой в своём Послании заявил глава государства. В связи с вышеизложенным, депутатская фракция ДПК «Ак жол» в очередной раз предлагает рассмотреть указанный вопрос в рамках ожидаемых изменений в налоговое законодательство, – заявил Перуашев, оглашая запрос на пленарном заседании мажилиса 2 октября.

Депутат обратил внимание, что экономические инициативы президента страны, озвученные в Послании, всё ещё остаются в тени, тогда как политические и социальные инициативы активно обсуждаются в обществе. В частности, напомнил Перуашев, президент трижды сказал о необходимости совершенствования налоговой системы.

– «...Разработать комплекс мер по поддержке высокопроизводительного среднего бизнеса, включая налоговое стимулирование»; «необходимо модернизировать налоговую систему с фокусом на более справедливое распределение национального дохода»; «отдельная проблема – повышение качества текущей налоговой системы. Она должна стимулировать компании...», – перечислил депутат.

По словам мажилисмена, сегодня «фискальные органы не предлагают реальных шагов в своей сфере, способных повлиять на уклад национальной экономики, а предпочитают двигаться по накатанной колее, порой игнорируя самые очевидные вещи». Те же инициативы, с которыми выступают фискалы (вроде предоставления права налоговикам по собственному усмотрению аннулировать счета-фактуры, т.е. фактически возродить ранее декриминализированную статью за лжепредпринимательство и т.д.), «уже сейчас можно назвать контрпродуктивными и толкающими бизнес в теневую экономику».

Перуашев подчеркнул, что механизм сниженных отраслевых ставок НДС широко применяется странами ОЭСР и Европейского союза. Официальные ответы на запросы фракции «Ак жол», полученные от 19 европейских посольств, включая Испанию, Швецию, Великобританию, Германию, Австрию, Нидерланды, Литву и т.д., гласят, что общая ставка НДС в этих странах может быть 20-25%, а отраслевая ставка для продукции сельского хозяйства – 0%, пищевой и лёгкой промышленности – 3-5%, машиностроения, жилищного строительства и стройматериалов, IT-технологий – 6-8%.

Он отметил, что партия «Ак жол» предлагала ввести подобные ставки ещё в 2013 году, однако правительство «заявляло то о необходимости дополнительной проработки вопроса, то о трудностях с администрированием таких ставок».

– Но налоговым службам в Европе никакие сложности администрирования почему-то не мешают решительно поддерживать своих производителей и свои рабочие места. Просто потому, что там налоговые органы служат бизнесу, а у нас бизнес – налоговым органам, – заметил депутат.

Между тем, полагает он, такой механизм, помимо стимула для развития отраслей, «мог бы стать серьёзным инструментом защиты национальных интересов Казахстана в рамках ЕАЭС».

Forbes.kz

СПЕЦСЛУЖБАМ КАЗАХСТАНА УПРОСТЯТ ЗАДАЧУ ПО ВОЗВРАТУ СРЕДСТВ ИЗ ОФШОРОВ

Азат Перуашев привел данные международных экспертов о том, что из страны вывели около 200 миллиардов долларов
Казахстанские спецслужбы будут активнее работать с международными организациями по вопросу возврата выведенных из страны денег в офшоры. Такой механизм предусмотрен в рамках законопроекта по вопросам противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма.

Вице-министр финансов Канат Баедилов во время презентации законопроекта в мажилисе отметил, что в документе предусмотрено образование фонда конфискованного имущества в виде отдельной системы учета (базы данных). Компетенция по ведению этой базы данных закреплена за уполномоченным органом в сфере государственного имущества.

Также законопроектом предусмотрена регламентация международного сотрудничества уполномоченных органов по розыску и возврату преступных активов, ведение специального учета сумм, полученных преступным путем, подлежащих возвращению и возвращенных в Казахстан.

"Уполномоченный орган в сфере финансового мониторинга наделяется полномочиями по составлению протоколов об административных правонарушениях в отношении субъектов финансового мониторинга, у которых отсутствует государственный орган-регулятор", – сообщил во время презентации вице-министр.

Депутат мажилиса Азат Перуашев отметил, что подобную норму надо было ввести давно. Так как за годы независимости, по оценкам международных экспертов, из Казахстана вывели порядка 200 миллиардов долларов.

"Сегодня регламентируются отношения с международными организациями по сотрудничеству в розыске и возвращению в страну денег, незаконно вывезенных из Казахстана. В рамках законопроекта, если принимаем нормы, то международные организации обязываются отвечать на обращения наших фискальных органов", – пояснил мажилисмен.

По данным главы фракции "Ак жол", за 27 лет в Казахстан из зоны офшора было возвращено лишь порядка 90 миллионов долларов.

Также в рамках презентованного законопроекта планируют внедрить международные стандарты и дальнейшее совершенствование национальной системы в сфере противодействия отмыванию доходов и финансированию терроризма.

Sputniknews.kz

ЧТО ЗА ЛОХОТРОН? – «АК ЖОЛ» ПОДАЕТ В СУД НА МИНСЕЛЬХОЗ

Что за лохотрон? – партия «Ак жол» подает в суд на Минсельхоз за невыплату субсидий сельхозникам. Об этом заявил Азат Перуашев в ходе обсуждения изменений и дополнений в республиканский бюджет на 2019-2021 годы.

В своем выступлении он затронул ситуацию в сельском хозяйстве, и напомнил, что фракция «Ак жол» ещё 13 марта т.г. требовала решить вопрос и погасить задолженность по субсидиям сельхозпроизводителей.

«В рамках уточненного бюджета мы видим, что этот вопрос так и не решен и задолженность в размере 37 млрд. тенге не будет возмещена. По разъяснениям Минфина, Минсельхоз должно было представить расчеты эффективности субсидирования для выработки новых методов.

Но ведь программа субсидирования при утверждении правительством несколько лет назад уже проходила межведомственные согласования, каждая статья и её эффективность просчитывались заранее. С чего вдруг, когда сотни и тысячи крестьянских хозяйств по всему Казахстану поверили государству, вложились в эту программу, часто – с трудом собрав последние копейки, получив кредиты (ради которых прошли семь кругов бюрократов и вымогательств) – с чего вдруг теперь госорганы проснулись и передумали? Что это за, простите за выражение, «лохотрон» с аулом?

Вот куда нужно направлять средства для снижения безработицы! Вот откуда идёт рост получателей АСП!

Получается, чиновникам проще платить людям за безделье, чем поддержать тех же самых сельчан в производительном труде.

Это не экономическая политика, а какое-то «королевство кривых зеркал»! Наша фракция настаивает на выделение средств на субсидирование сельского хозяйства», - сказал Перуашев и добавил, что партия «Ак жол» готова обратиться в суд в защиту сельских предпринимателей.

По его словам, соответствующий иск к минсельхозу, как оператору этой программы, уже готовится.

Пресс-служба «Ак жола»

Алматы қаласында «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» мамандарының ұйымдастыруымен «Жаңа емле: құрылымы мен мазмұны» тақырыбындағы жаңа әліпби емлесін түсіндіру бойынша арнайы ғылыми-теориялық семинар өткізілді. Отырысқа ғалымдар, ақын-жазушылар, республикалық бұқаралық ақпарат құралдары мен баспа саласы өкілдері қатысты. Семинардың негізгі мақсаты – латыннегізді қазақ әліпбиі мен емле ережелерінің құрылымын, оның нормаларының ғылыми негіздерін БАҚ және баспа беттерінде түсіндіре алатын білікті мамандар дайындау.

ТІЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ – ҰЛТ ТІРЕГІ

Әрине, жаңа латын графикасындағы тіліміздің жазба жүйесін насихаттауда баспалар мен түрлі бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы зор екені белгілі. Сондықтан бұл семинардың қаламгерлер үшін тигізер пайдасы мол болды десек артық айтқандық емес. Өйткені мәселе тілге қатысты болғандықтан олар үшін бұл аса құнды тақырып, өздерінің күнделікті жұмысында кездесетін қажеттілік десек те болады. Мыңдаған оқырмандары бар баспа, БАҚ өкілдері алдымен өздері аталмыш тақырыпты жетік игермей өзгелерге насихат жүргізіп үлгі көрсете алмасы да ақиқат. Содан да болар семинар сабағы қызықты өтті, көптеген сұрақтар қойылып, тіл саласын зерттеуші ғалымдар нақты жауап берді. Бұл жерде оны ұйымдастырушылардың, баяндама жасаған ғалымдардың еңбегін ерекше атап өткен жөн.

Басқа бағдарламаларға қарағанда Елбасы жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаланың қоғамда ерекше рухани сілкініс тудырғаны белгілі. Бұл құжат ұлттық рухты нығайтатын көптеген игі іс-шараларға жол ашып берді. Ғасырлармен өлшенетін тарихымыз, мәдениетіміз бен әдебиетіміз және өзге де құндылықтарымыз сараланып, лайықты деңгейде бағалана бастады. Соның бір көрінісі, осы бағытта Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы құрылуы дер едік. Өткен бір жарым жыл көлемінде бұл орталық тілімізге қатысты бірқатар тындырымды жұмыстар атқарып келеді.

Мемлекет басшысының 2017 жылғы 26 қазандағы «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығына сәйкес қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшуін қамтамасыз ету жұмыстары алғашқы күннен-ақ қарқынды жүргізіліп келе жатқанына баршамыз куәміз. Оған осы саладағы әдебиет және тіл институттары мен білікті ғалымдар тартылып, көпшіліктің қатысумен жүздеген талқылаулар болып өтті, ол әлі де жалғасуда. Сол атқарылар шаруалардың ауқымды ауыртпашылығы да осы арнайы құрылған «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығына түсетіні түсінікті.

Семинардың тізгінін өз қолына алған орталықтың атқарушы директоры, филология ғылымдарының кандидаты Ербол Тілешов кіріспе баяндама жасап, бұл шараның маңызына кеңірек тоқталып, оның саяси, қоғамдық, ұлттық мағынасын толық ашып берді. Қазақ тілінің латын әліпбиіне өтуі – ел өміріндегі ірі мәдени-тарихи шара. Елдің тәуелсіздігімен бірге бұл тілдің де тәуелсіздігінің бір нышаны екенін баса айтты. Расында, орыс тілінің ықпалымен ондаған жылдар «кириллица» жазбасын пайдаланған тіліміз енді сол бұрынғы қолданыста болған латын графикасына қайта көшуі – тіліміздің де өз тәуелсіздігін қайтарғанымен бірдей емес пе?!

Ия, қазақтың төл тарихы қандай қиын-қыстаудан өтсе, тіліміздің тарихы да түрлі сындардан өткені белгілі. Бұл жерде – «Тіл мен ұлт ажырамас ұғым, тарихы тұтасып жатыр» десек тіпті де қателеспейміз. Соңғы тоқсан жылда біздің жазуымыз төртінші рет өзгеріске ұшырап отыр. Тіл мен оның жазуы бекер өзгеріске ұшырамайтыны белгілі. Оның да себептері жеткілікті. Елдің саяси жағдайы, әлеуметтік-қоғамдық жүйесі, сыртқы әлемдік әсері мен ұлттық идеологияның ықпал ететінін атасақ та жеткілікті.

Дүниежүзіндегі екі жүзден асатын мемлекеттерде соңғы мәліметтер бойынша әртүрлі ұлттар мен ұлыстарға топтасқан 7,7 миллиардтай адам өмір сүреді. Олар әркилы дінде, бір-біріне ұқсамайтын өзгеше тілде сөйлейді. Сол сияқты олардың жазу жүйесі де әртүрлі. Қазіргі кезде әлем бойынша мойындалған және БҰҰ-да тіркелген негізгі алты тіл бар екен. Олар – ағылшын, француз, араб, қытай, орыс және испан тілдері. Негізгі деп аталу себебі – бұл тілдер жер шарының мемлекеттеріне кеңінен таралған. Тағы бір айта кететін ақиқат, бүгінгі күні сол негізгі алты тілдің ішінде жаһандану заманында ақпарат алмасудың және технологияның тілі ағылшыншаға басымдық берілгенін байқаймыз. Өйткені, әлемге кең таралған ағылшын тілі көп қолданысқа ие болып отыр. Демек, ағылшын тілінің бүкіл дүниежүзі бойынша ортақ түсінісетін, ақпарат пен технологияны дамытуда үлкен артықшылығы бар деген сөз.

Ал, жазу жағына келетін болсақ ғаламшарымызды мекендеген халықтың 36 пайызы латын графикасын қолданады екен. Араб тілі жазуы 12 пайызға ие болса, біз қолданып жүрген «кириллицаның» үлесі небары 3 пайыз ғана. Оның үстіне «кириллицаның» үлесі жылдан жылға азайып келеді. Оған бірінші кезекте бұрынғы алып кеңестер одағы құрамындағы ұлттардың тәуелсіздік алып, дербес мемлекет аталуы себеп болды. Оның қатарындағы Өзбекстан, Түркіменстан, Азербайжан сияқты елдері латын графикасына көшіп алғалы біраз жылдар болып қалды. Олар да заман талабына сай осы алфавитті өздеріне қабылдады. Бірақ, осы мемлекеттердің қай-қайсысын алып қарасаңыз да көптеген қиындықтар болған. Осы күнге дейін өзгерістер енгізіп, жазу жүйесін дамытуға күш салуда. Олардың тәжірибесіне ескерсек, латын алфавитіне өтуге кемінде 10 жыл уақыт керек екен, тіпті ол да аздық етеді.

Айтулы деген ағылшын тілінің өзі түп төркіні мен түп-тамыры сонау көне грек, римдегі латын алфавитінен бастау алғаны тарихтан жақсы таныс. Кейін ағылшын тіліндегі алфавит ретінде кеңінен қолданысқа еніп кеткен. Шындыққа жүгінсек, осы латын графикасын «мына мемлекеттің төл туындысы» деп дөп басудың өзі қиын. Оны бүгінгі күні дәлелдеп берудің мүмкіндігі тым аз. Ал, кең қолданысына орай жаһандағы жалпы, ортақ жазуға айналып келе жатқаны дау тудырмайды.

Жаңа жаһандану жағдайында Қазақстан Республикасы жер жүзіндегі дамыған мемлекеттердің көшінен қалмау үшін, ақпарат пен технологияның, білім мен ғылымның кеңістігіне ену мақсатында латын алфавитіне көшуі – заман талабы деп түсінуіміз керек. Екіншіден, өзіміз бұрын 1929-1940 жылдары еркін пайдаланған жазуға қайта оралу болып табылады. Заман талабына орай өзгерістер мен реформалардың орын алуы заңдылық, одан ешкім қашып құтыла алмайды. Мысалы, Түркияда Ата Түрік 1928 жылы бүкіл елін латын алфавитіне көшіргені белгілі. Түріктер де ғасырлар бойы араб және парсыша жазып келген. Сол кездің өзінде өркениет заманына қарай бет бұрған түріктер осындай шұғыл шешім қабылдауға мәжбүр болған, одан олар ұтылған жоқ.

Екі жыл бойы қоғамның қызу талқысына түскен латын графикасына көшу мәселесі әлі де толастар емес. Басым көпшілік бұны қуана қолдаса, енді біреулер өз күдіктерін де білдіруде. Ол да түсінікті, өйткені қалыптасып қалған жазу жүйесін жаңарту оңай шаруа емес. Оның үстіне бұл тіл мәселесі болғандықтан ұлттық мүдде алдыңғы қатарға шығары сөзсіз. Тіл жоғалса ұлт та негізгі, ең басты нысанынан айрылады. Төлқұжатында қазақ деген жазу тұрғанмен өз тілің болмаса ұлтың да өз мәнінен жұрдай болады. Сондай күдіктердің бірі – ондаған жылдар кириллицада жазылған қыруар дүниелер ізсіз жоғалып кету мүмкін, болашақ ұрпаққа жетпей қалады деген қорқыныш. Жоқ, қазіргі дамыған техниканы пайдалансақ ештеңені жоғалтпайды екенбіз. Мысалы көлемді «Абай жолы» эпопеясын латын қарпіне көшіру бірнеше сағат қана уақыт алады екен. Бүгінгі күннің өзінде қазақ классикасына айналған көптеген туындылар латын қарпімен жазылып, электронды нұсқада сақтаулы тұрғанын айтады ғалымдар. Одан кейінгі көп сұрақ туғызатын мәселе – біздің ә, ө, ұ, ү, қ, і, ң – сияқты төл дыбыстарымыздың сақталуы мен жазылуында болып отыр. Бұл да үлкен мәселе, төл дыбыстарымыз бізге ғана, тек қана қазаққа тән ерекшелік. Оны жоғалтпақ түгіл, біз оны мақтан тұтуымыз керек. Өзге жүздеген ұлттардың оған тілі де келмейді. Біздің ұшан-теңіз тіл қоры ғана емес, дыбыстық ерекшелігіміздің өзі үлкен байлықтың иесі екенімізді көрсетпей ме! Мәселе соның латын жазуындағы белгіленуінде болып отыр. Ең көп талқыға түсіп, ұсыныстар барысында қайта-қайта өзгерістер енгізілуі соны көрсетеді. Қалай десек те төл дыбыстар сақталуы міндет. Бұл дыбыстарды жоғалтсақ қазақ атауы сақау, кекеш болып қаламыз. Ал, ондай реформа кімге керек? Сондықтан дәп осы төл дыбыстарымызға өте абай болғанымыз жөн. Осыны ескерген тіл мамандары бұған ерекше мән беріп отырғанын байқадық. Бұл құптарлық жағдай.

Тартымды өткен семинар сабағында бірнеше баяндама жасалды. «Жаңа емле: сөздерді босарлықпен және босаралықсыз жазудың себептері, анықтау белгілері» тақырыбында Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Құралай Күдеринова өз баяндамасында қазақ сөздерінің жазылу барысындағы бірқатар түйткілді мәселелерді қозғап, оның шешімді жолдарын атап берді. Рас, бүгінгі күні бір сөзді бірнеше түрлі жазып жүрген жағдайлар жиі кездесетін болды. Тіпті әркім өз қалауынша, жаңа әдіс тауып алғандар да бар. Бұрынғы қалыптасқан емлелер ескерусіз қалып, саналы түрде оны бұзатындар, соны сән көретіндер де табылады. Олар өздерін жаңалық ашқандай сезінеді. Бірақ әркім өзінше жазуды бастаса оның соңы не болмақ? Сондықтан жазу жүйесінде бірізділікті қатаң түрде қалыптастыру қажет-ақ. Үлкендердің бұл «жаңалығынан» әсіресе жас ұрпақтың миы ашып, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін бағдарлай алмауы қазақ тілінің ертеңгі күнгі болашағына кері әсер етері сөзсіз. Онсыз да қазақшаға құлықсыз ұрпақты ана тілімізге қалай баулымақпыз? Кейбір тіл мамандары, әсіресе фонетика саласы өкілдері айтылғанда естілетін кейбір дыбыстардың жазылғанда түсіп қалатынына наразылық білдіреді екен. Бұл жерде сөздің жазылуы қолданушыға қолайлы болуы алдыңғы қатарда ескерілуі керек. Бұл туралы ұлы ұстаз, латын жазуының қазақша нұсқасын алғаш жасаған Ахмет Байтұрсыновтың өзі айтып кеткен. Қалай болғанда да ортақ бір шешім керек, оны іске асыруға тиісті біздің ғалымдар тиімді жолын табады деп сенеміз.

«Латын графикасы жаңа әліпби негізінде сапалы қазақтілді контент қалыптастыру: мәселелер мен ұсыныстар» тақырыбы бойынша баяндама жасаған Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» орталығының ғалым хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанова да көптеген мәселелер төңірегінде сөз қозғады. Ғалым басты назарды жас ұрпақты ана тіліне баулу, оқыту жағына көбірек аударды. Онысы орынды, біздің тіліміз жастар арқылы жалғасын табары белгілі. Ғалымның айтуынша бүгінгі күні қолынан телефонын тастамайтын, сол арқылы керек те, керек емес те ақпараттарды қабылдайтын балалар мәселесін мықтап қолға алу қажет. Оның ең ұтымды жолы балалар әдебиетін дамытып, балаларға арналған шығармаларды көбірек жарыққа шығару керек. Расында да, бізде балалар әдебиеті кенжелеп қалғаны шындық, сонда жас ұрпақ қайдан үйреніп, неден үлгі алады? Бұл нақты қолға алатын мәселе.

Әлемдік өркениетті елдер қатарына қосылу үшін латын алфавитін үйрену, жаза білу және оқи білу бәрімізге керек нәрсе. Айтылып келе жатқан, алда болар қиындықтар бар, оны меңгеру барысында жолай түзетуге болады. Ең бастысы асығыстық жасамағанымыз жөн. Біздегі «төбеден топ еткізетін» ескі әдіс бұл жерде жүрмейді. Ондай реформалардың талайын көрдік, әсіресе білім саласында. Олардың пайдасынан гөрі зияны басым болғанын бәріміз білеміз. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» деп қазақ атамыз айтқандай бәрін байыппен, ұқыптылықпен, жан-жақты сараптап іске асырғанымыз абзал.

Зейнолла АБАЖАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВҚА АШЫҚ ХАТ

АДАМ ТАҒДЫРЫН ОЙЫНҒА АЙНАЛДЫРҒАН ЛАУАЗЫМДЫЛАРДЫҢ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ТОСҚАУЫЛ БОЛУЫҢЫЗДЫ СҰРАЙМЫЗ!

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАР МЕН БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Біз, қазіргі күні пара алуға оқталғаны үшін айыпталып жатқан Ислам Алмаханұлы Әбішевтың және Серік Түкиевтың қорғаушылары Абзал Құспан және Ерлан Макенов осы қылмыстық іс бойынша орын алып отырған заңсыздықтарға байланысты төмендегідей мәлімдеме жасаймыз:

Біздің қорғауымыздағы И.А.Әбішев және С.А.Түкиев 14.03.2019 жылы жалалы айыппен қамалғанға дейін «Дүниежүзілік қазақ күресі» Федерациясының (бұдан былай ДҚКФ) президенті, соңғысы вице-президенті қызметтерін атқарған еді. Соңғы он бес жыл көлемінде, осы кісілердің басшылығымен қазақ күресі бұрын-соңды қол жетпеген жетістіктерге жетті. Атап айтатын болсақ, 46 мемлекет ДҚК Федерациясына мүшелікке енді, 7 мәрте әлем, 11 рет Азия біріншілігі өткізілді, қазақ күресі 5-ші Азия ойындарының бағдарламасына енгізілді. Одан басқа, ДҚК Федерациясы қазақ күресін халықаралық UWW (United World Wrestling – Әлем Күрестерінің Бірлестігі) одағына тіркеткен жалғыз ұйым!

Осы және басқа да атқарылған жұмыстардың нәтижесінде, 2016 жылы ЮНЕСКО қазақ күресін адамзаттың мәдени мұраларының тізіміне енгізді.

Қорғауымыздағы азаматтардың айтуынша, осыған дейін еліміздің әртүрлі деңгейдегі лауазымды адамдары тарапынан ДҚК Федерациясын өздеріне беруді, сатуды талап етіп, бермеген жағдайда қылмысты болатындарын айтып, қоқан-лоққы көрсету фактілері болған. Олардың қатарында, **белгілі кәсіпкер Арман Шораев, Энергетика министрі Қанат Бозымбаевтың аттары аталады.** Бұл азаматтардың Қазақстан Республикасы шеңберінде әрекет ете алатын «Қазақ күресі федерациясына» қатыстары бар. Мақсаттары – дүниежүзілік қазақ күресі Федерациясын, қазақ күресі республикалық Федерациясына қосып, бір ұйымға айналдыру, осылайша Түкиев пен Әбішевтың жылдар бойғы еңбегін және халықаралық дәрежеде мойындалып қойған қазақ күресіне деген құқықты жеке өздері иелену.

Олардың табанды ұсыныстарынан бас тартқаннан кейін, зейнет жасына 2 ай қалған И.А.Әбішев және С.А.Түкиев ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (СЖҚК) Ұлттық бюросының қызметкерлерімен «пара алуға оқталды» деген күдікпен ұсталды. Осыдан кейін СЖҚК Ұлттық бюросы қызметкерлерінің қысымымен 20.06.2019 жылы Әбішев те, Түкиевте ДҚК федерациясы басшылығынан өз еріктерімен бас тартатындары туралы арызға қол қоюға мәжбүр болады. 27.06.2019 жылы аталған ұйым басшысы болып СЖҚК Ұлттық бюросының басшысы А.Ж.Шпекбаев тағайындалады. Қазіргі кезде, осы жағдайға орай ДҚК Федерациясының мүшелігіне енген шет мемлекеттерден хаттар түсуде. Себебі, И.Әбішев те, С.Түкиев те ДҚК Федерациясы басшылығына 46 мемлекет өкілдері қатысқан конференцияда сайланған болатын, ал, А.Ж.Шпекбаевтың 7 күн ішінде өзін Федерация басшылығына тағайындап алғаны оларға да, бізге де түсініксіз болып отыр...

Осыған орай, қазіргі кезде қазақ күресін қолдарына алуға мықтап бекінген лауазым иелері өз мақсаттарына жетіп қойды деуге де болады. Олар Әбішев пен Түкиевті қаматты, соттың алғашқы отырысынан-ақ, оның айыптау бағытында жүретіні белгілі болды (ол туралы бөлек мәлімдеме жасалатын болады). Енді Ақпарат министрі Д. Абаевты Республикалық қазақ күресі Федерациясына президент қылды. Олар осы шахматтық жүрістері арқылы, алда қазақ күресі үшін болатын таласта ақпараттық қолдауға ие болмақ. Яғни, Абаев мырзаның өкілеттігін пайдаланып, барлық БАҚ өкілдеріне осы іс төңірегінде ақпарат таратуға тыйым салуы немесе біржақты таратуға тапсырма беруі әбден мүмкін деп күдіктенеміз...

Бірақ, Қазақстандағы лауазым иелері қанша жерден өкілеттіктерін өз мақсаттарына асыра пайдаланса да, шетелдік ұйымдар мен БАҚ өкілдеріне тыйым салу еш мүмкін емес. Бұл мәселе қазірдің өзінде Республика аумағынан шығып, халықаралық жанжалға айналып келеді.

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Сізден ел президенті ретінде осы істі бастан-аяқ өз бақылауыңызға алып, адам тағдырын шахмат ойынына айналдырған лауазым иелерінің заңсыз, құйтырқы әрекеттеріне тосқауыл болуыңызды және соттың барынша объективті өтуіне ықпал етуіңізді сұраймыз!

Қазақстандық БАҚ өкілдері, тәуелсіз блогерлер мен құқық қорғаушылар назарына:

Біздің қорғауымыздағы азаматтарға қатысты қылмыстық іс қазір Нұр-Сұлтан қаласы қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық сотында қаралғалы жатыр. Басты сот талқылауы 14.10.2019 жылы сағат 11-00-ге тағайындалған.

Соттың барынша ашық әрі объективті өтуіне үлес қосуларыңызды сұраймыз!

Қорғаушылар: А.Құспан
Е.Макенов

№6 ҮНДЕУ

ТҮРМЕДЕГІ АДАМ САНЫН ОН ЕСЕ АЗАЙТУҒА БОЛАДЫ!

Мен қазір түрмеде отырмын (тергеу изоляторы, ТИЗО). Түрме өмірімен, әрине, толық болмаса да, осында отырып жақсы таныстым. Сондықтан, өз ойларыммен бөлісуді шештім.

1.Түрмеге қамаудың мақсаты, сотталған адамды тек қоғамнан оқшаулау ғана емес, болашақта қандай да бір қылмыс жасамауы үшін одан әрі тәрбиелеу.

2.Түрме ешкімді тәрбиелемейді (сөздің жақсы мағынасында). Көп жағдайда теріс тәрбиелейді, бұл күмән тудырмайды.

3.Осы 4 ай ішінде мен түрмеде өзіммен бірге отырғандардың 50 пайыздан астамы ұсақ ұрлық, алаяқтық, ұсақ қарақшылық жасағандар екенін білдім. Олардың талапты сомасы 15 мыңнан 150 мың теңгеге дейін. Біздің түрмеде 1 адамды ұстау түрме бастығының айтуынша, күніне шамамен 4,0 мың теңгені құрайды. Олар 3 ай және одан да көп отырады. Бір айға - 120 мың теңге, 3 айға - 360 мың теңге жұмсалады.

4 ай ішінде мен 4-6 адам отыратын 10 камерада болдым, жалпы 50-ден астам адаммен бірге отыруыма тура келді, олардың ішінде, тек бір адам ғана кісі өлтіргені үшін (абайсызда, бұрын сотты болмаған), бір адам әйел зорлағаны үшін отыр және мен өзім сыбайлас жемқорлық бойынша отырмын. Қалғанының бәрі - адам өміріне қауіп төндірмейтін ұсақ қылмыстар.

Жоғарыда айтылған жандардың көбі 30-35 жастан аспағандар. Негізгі өтеу мерзімдері 25 жылға дейін. Бұл жастардың арасында шебер тас қалаушы, дәнекерлеуші, электрик, монтажшы көп. Олар негізінен күзгі-қысқы уақытта қылмыс жасайды. Істі жүргізетін тергеушінің басты мақсаты - қылмысты ашу, күдіктінің кінәсін дәлелдеу, ал, күдіктіні ұстауға жұмсалатын бюджет шығыны үшін жауап бермейді. Сондықтан, біздің оны айыптауға құқығымыз жоқ.

Енді осы мәселені екінші жағынан қарастырайық. Еліміздегі 14 облыс орталығы мен 3 республикалық маңызы бар қалада 17 ТИЗО бар екен. Егер әрқайсысында 600-700 адам отырса, онда барлығы 11 000 адам деген сөз. Күніне 4 000 теңгеге көбейтсек, 44,0 млн.теңге болады, жылына (44,0 млн. х 365 күн) 16,1 млрд. теңге деген сөз.

Тергеушілер құзыретті, түгелдей жоғары білімді. Қылмыстық кодекске сәйкес өкілеттіктері де жеткілікті. Олар дербес шешім қабылдай алады (негізінен, ҚК сәйкес). Менінше, тергеушілердің міндетіне олардың атқаратын жұмысы мемлекетке залал келтірмеуін де жүктеген дұрыс. Қандай да бір бұлтартпау шараларын таңдай отырып, олар кінәні дәлелдеу барысындағы шығындарға назар аударуы тиіс. Әрине, бұл ұсыныстың кісі өлтірушілер, террористер мен зорлаушыларға қатысы жоқ. ҚІЖК (қылмыстық іс жүргізу кодексінде) күзетпен ұстаудан да басқа көптеген бұлтартпау шаралары келтірілген.

Сотталғандар қамауда ұсталатын қылмыстық-түзеу мекемелерінің (ҚАЖ) қызметін егжей-тегжейлі талдай алмаймын. ҚАЖ мекемелері берген ақпарат бойынша, онда шамамен 40 мың адам бар. Егер, күніне бір адамға 3 мың теңгеге жуық ақша жұмсалса, бір күнгі жалпы шығын 120 мың теңгеге жуық, 1 жылдық шығын 43,8 млрд. теңгені құрайды.

Халыққа қауіп төндіретін қылмыскерлердің нақты санын анықтауды ұсынамын. Мысалы, террористер, кісі өлтірушілер, әйел зорлаушылар, т.т. Қалғандарын түгел түрмеден шығару керек, бірақ, жай босатып қана қоймай, олардың қолына электрондық білезік кигізу керек. Білезіктердің пішініне қарап кез келген азамат бұл адам не үшін сотталғанын және қандай қауіп төндіретінін анықтай алады. Қылмыскердің қайда жүргенін біліп отыру үшін білезік базамен байланысты болуы тиіс. Мысалы, ұры қайталап ұрлық жасауға тырысса, оның оқиға орнында болғанын бірден анықтауға болады және кез келген патруль оны ұстай алады.

Егер қылмыскер білезіктен құтылуға тырысса, базаға SOS сигналы түсуі керек. Сотталған адамның мерзімі аяқталғанға дейін оған шетелге шығуына тыйым салынады.

БҰЛ БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

1.Сотталғандар жұмыс істеп, қоғамға пайдалы еңбекке қатысады.

2.Қапастағы адам саны бірнеше есе азаяды. Бұл ел рейтингіне оң әсер етуі мүмкін.

3.Бюджет шығыны бірнеше есе азаяды. Мысалы, егер түрмеде сотталғандардың 10 % ғана қалса, онда:

4000 х 3000 = 12 млн.тг

12 млн.тг х 365 күн = 4 380 млн. теңге

Жалпы шығын 43,8 млрд. теңгені құраса, үнемделген ақша 39,42 млрд. теңгені құрайды. Егер бұған ТИЗО-дан үнемделген 5-6 млрд. теңге қосылса, жалпы үнем сомасы 45 млрд. теңгені құрайды.

Мүмкін, сандарда қандай да бір қателер бар болар, сонда да кемі 30 млрд. теңге үнемделеді, бұл аз ақша емес...

4.Ең маңыздысы, сотталғандар негізінен ерлер. Олардың үйде балалары мен әйелдері қалады. Отбасында материалдық қиындық туа бастайды. Балалары жасөспірім болса, онда проблема тіпті көбейеді. Мемлекет тарапынан да, қоғам тарапынан да сотталғандардың отбасына ешқандай көмек жоқ. Мұның бәрі қоғамдағы ахуалды бұрынғыдан бетер ауырлатады.

Әсіресе, әділетсіз жазаланған немесе 3-4 ай, тіпті бір жыл және одан да көп тергеуге жауап беріп, содан кейін кінәсіздігі анықталатын жандарға қалай жаным ашымайды?! Адам тағдыры тәлкекке түседі, ал, отбасы зардап шегеді.

5.Тәрбиелеу шаралары:

Кез келген түрмеде отырып шыққан адам, құқық қорғау органдарына қатысты әртүрлі былапыт сөздер айтып, оларға жек көрушілікпен қарайды. Яғни, түрме өзінің негізгі функциясын дұрыс орындамайды деуіміз керек. Біздің түрмелерде негізінен «халық жаулары» уақытындағы қорқыту амалы сақталып қалған. Егер қылмыс саны қысқармаса, бүгінгі шынайы жағдайды ескере отырып, көзқарасымызды түбегейлі өзгерту, қандай да бір жүйелі шаралар қолдану қажет шығар.

Бұл менің өз ұсыныстарым және бәрі дұрыс деп те айта алмаймын. Бірақ, бұл мәселелерді құзыретті мамандармен бірге талқылауға, өз ұсыныстарымның жақсы жақтарын дәлелдеуге дайынмын.

Басқа қамтылмаған мәселелер бойынша да ұсынысым аз емес, бірақ олар жайлы әңгімені келесі жолға қалдырайық.

Ислам ӘБІШ

«ЕРДІ КЕБЕНЕК ІШІНДЕ ТАНЫ!»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА

Аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Біздің бүгінгі Сізге хабардар етіп отырған азамат Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрлігі Су ресурстар комитетінің бұрынғы төрағасы Ислам Әлмаханұлы Әбішев.

Су ресурстар комитеті лауазымда қызмет етіп тұрған кезде Қызылорда облысының су шаруашылығының өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосқандығы. Өзіңізге белгілі Сыр өңірінің егістік жерлерінің 98 пайызы суармалы, сондықтан Сырдария өзенінің суына тікелей тәуелдіміз. Бұл мәселені Ислам Әлмаханұлы көрші елдермен арадағы ағын су мәселесін уақтылы шешілуін қамтамасыз етіп отырды. Сыр елінің егіншілерінің егістектерін жаз айларында судан қалдырмау және қыс айларында Сырдария өзеніне түсетін мол судан төтенше жағдайды болдырмау мақсатында «Көксарай» су реттегішінің салынуына зор үлес қосты. Сондай-ақ, жаз айларында өзендегі су деңгейінің аз болуына байланысты Жаңақорған және Шиелі аудандарының тұсынан Сырдария өзенінің бойына су тіреуіш плотиналарының салынуын қамтамасыз етті.

Облыстағы көлдер жүйесіне баратын су жолдарының тазалануына, экологиялық жағдайдың жақсаруына, көлдер жүйесінде балық шаруашылығының дамуына үлкен үлес қосты.

Елді мекендерді ағын сумен қамтамасыз ету мақсатында бірнеше түтікті құдықтар қазылып, елдің алғысына бөлене білді. Арал, Қазалы аудандарында «Сарыбұлақ» жерасты, Жаңақорған, Шиелі аудандарында «Жиделісай» жерасты таза ауыз суымен қамтамасыз етуде қажырлы еңбек етті.

Бүгінгі таңда Қызылорда Қазақстандағы халқының 85-90 пайызы таза ауыз сумен қамтылған бірден бір облыс. Сондықтан, Сыр елі халқының өкілдерінің атынан Ислам Әлмаханұлы Әбішевтің жасаған нәтижелі еңбегін бағалай отырып, бүгінгі И.Ә.Әбішевтің басына түсіп жатқан қолайсыз жағдайдың әділ шешім қабылдануын назарыңызға алуыңызды сұраймыз.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары:
Досманбетов Бақберген Сәрсенұлы, ҚР Парламенті Сенатының екі шақырылымдағы депутаты, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, қоғам қайраткері; Баймаханов Қожахмет Мәдібайұлы, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, «Құрмет» орденінің иегері; Бисенов Қылышбай Алдабергенұлы, ҚР Парламенті Мәжілісінің 4-шақырылымының депутаты.

Қызылорда облыстық мәслихатының депутаттары:
Әбдікәрімов Шәкизада Өтетілеуұлы, Әлімқұлов Темірхан Мәлікұлы, Әмитов Нұриддин Егембердіұлы, Жансақалов Әбдімәжит Әлмағанбетұлы, Кенжебаев Темірхан Бердәліұлы, Құттықожаев Ибайдулла Дүйсенбайұлы, Махамбетов Асқар Аралбайұлы, Махашов Бақдәулет Еркінбекұлы, Нұрымбетов Жорабек Ибрагимұлы, Оңғарбаев Имамадин, Шағыртаев Имамзада Қуанышбайлы, Шаутай Тілеуберген Құдайбергенұлы, Ысқақова Райхан Құсайынқызы, Ысқақ Жанкелді Ойшыұлы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА

Аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Жамбыл облысының бір топ мәслихат депутаттары мен ардагерлері, Сізге хат жазудағы мақсатымыз – ҚР Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әлмаханұлы Әбішевтің біздің өңірде су шаруашылығы нысандарының басым бөлігі кеңестік кезеңде салынып, ұзақ жылдар бойы жөндеу көрмегендіктен, нақты қолданыстағы жүйелер іс жүзінде өз міндетін толыққанды атқара алмай, ел егін шаруашылығында үлкен нәтижеге қол жеткізе алмағанын сараптамадан өткізіп, 2017-2021 жылдарға арналған ҚР Агроөнеркәсіп кешенін дамыту мемлекеттік бағдарламасын жасақтауда үлкен үлес қосқанын жеткізгеніміз жөн.

Осы аталған бағдарлама Ислам Әлмаханұлының Су ресурстары комитеті төрағасы қызметін атқарып тұрған тұста ол кісінің орасан зор еңбегінің, байқампаздығының, жаңашылдығының және өз жұмысын облыс көлеміндегі барша су жүйесі нысандарын аралап көру іскерлігінің арқасында жасақталды.

Бүгінгі күнде, бағдарлама аясында 436 нысанды қайта қалпына келтіру, 86,2 мың игерілмеген суармалы жерді іске қосу жоспарланды. Одан басқа облысымызда жаңа 3 су қоймасын – «Ырғайты», «Қалғұтты» және «Ақмола» су қоймаларын салу енді.

Апатты жағдайдағы 3 су қоймасын қалпына келтіру, (ирригация және дренаж жүйелерін жетілдірудің екінші фазасы, үстіміздегі жылы Қапал каналдарын қалпына келтіру жұмыстары құрлысы басталды.

Қорыта келе, Ислам Әбішевтің бастамасымен бастау тапқан мемлекеттік бағдарлама толығымен іске асқан жағдайда, Жамбыл облысына 70 млрд. теңге инвестиция кіреді, жылдық ішкі өнім 90 млрд. теңгеге өседі, су шығыны 2-2,5 есеге азаяды, ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігі 70 пайыздан жоғары артады.

Аса құрметті Президент мырза!

Кезінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы ақиқатқа көз жеткізіп, Әбішевті арашалап қалғаны белгілі. Ислам Әбішевтің қызмет барысында жіберген кемшіліктеріне кеңшілік жасап, осы аталған еңбектерін ескере отырып, Сіздің де араша түсуіңізді сұранған болар едік.

Жамбыл облысы мәслихатының депутаттары:
Б.Алдашов, Г.Тілеубердиева, Б.Қарашолақов, Г.Умаров, Д.Айтуленов, А.Нұржанов, Ж.Айтишев, А.Райқұлов, М.Ескендіров, А.Еділбаев, Г.Нұрымова.

РЕДАКЦИЯДАН:

Өздеріңіз көріп отырғандай, бұрын Түркістан облысынан сайланған ҚР Парламентінің депутаттары мен облыстық мәслихат депутаттары ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың атына И.Әбішевтің әділетсіздіктің құрбаны болып кетпеуіне көмектесуін өтінген хат жолдаған болса, енді сондай хатты Жамбыл және Қызылорда облысының мәслихат депутаттары жолдап отыр. Сондай-ақ, осы тектес үндеу Түркістан облысының Жетісай, Мақтаарал, Түркістан, Ордабасы, Арыс және Шардара аудандық депутаттары атынан да жөнелтіліпті.

Бұл нені білдіреді? Бұл – елге сіңірген адал еңбектің ешқашан далаға кетпейтінін білдіреді. Әйтпесе сол парламент, әсіресе, облыстық мәслихаттардың депутаттының барлығы бірдей Ислам Әбішевті жете тани да бермейді, онымен тонның ішкі бауындай жақын араласқан ағайын-жекжат немесе жолдас-жора да емес. Бар болғаны олар азаматтың халыққа деген шынайы жанашырлығын, мойнына жауапкершілікті ала білетін іскерлік қабылет-қарымын лайықты бағалап отыр. «Сырт көз – сыншы» қашан да. «Сөзіне қарап кісіні ал, кісіге қарап сөз алма!» деген жоқ па Абай да? И.Әбішевтің сөзі мен ісі бір жерден шығатын болғандықтан бүгін ел ағалары араша сұрап отыр. «Ерді кебенек ішінде таны», адамдық қасиет көрсетіп отыр. Аталарына рахмет ол азаматтардың! «Халық» – Алланың екінші аты. Көптің тілегі ертелі-кеш орындалары, елі үшін көзсіз ерлікке барған адал жанның тар қапастан құтылып, ортамызға оралары хақ!

Өмірзақ АҚЖІГІТ

Сәуле ӘБІЛДАХАНҚЫЗЫ:

МЕМЛЕКЕТТЕН БӨЛІНЕТІН ТРИЛЛИОНДАРДЫ ХАЛЫҚҚА ЖҰМСАЙТЫН БАСШЫЛАР АЗ...?

АЛ ӨЗАРА БӨЛІСЕТІНДЕР – МЫҢДАП САНАЛАДЫ... ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРДЫМҒА ЖІБЕРІП ОТЫРҒАНДАР МІНЕ, СОЛАР.

Осы мен кейде ойлаймын, «Елбасы көп шындықты білмейді, оған өтірік есептер, өтірік цифрлар ғана барады, ол соған сенеді» деген сөз рас-ау...

Соңғы уақытта бас-аяғы 1 айдан астам уақыт Түркістан облысының оңтүстік аудандарын жиі араладым.

Сонда не көрдім?

1. Шымкент – Шардара арасындағы 240 шақырым күре жолға жаңадан асфальт төсепті. Бұл – облыстық маңызға ие күре жол. Сол биыл төселген асфальт 50-60 кесіндіге бөлініп жатыр. Яғни, әр 2-3 шақырым жүргенде асфальт құрт үзіледі де, амалсыз, онсыз да баяу келе жатқан көлік жылдамдығын баяулатуға тура келеді. Көлденең созылған, ені 1 метрге жуық кесінді сайдан көлігіңізді өте абайлап, секіртпей өткізіп аласыз да, ары қарай жөнелесіз. Енді жылдамдық арттыра бергеніңізде алдыңыздан тура жаңағыдай көлденең кесінді тағы шығады.... сосын тағы... тағы.... осылайша, 60-қа бөлінген асфальт жолмен, 2 сағатта жететін жеріңізге 3-4 сағатта жетесіз. Ең бастысы, аман жеткеніңізге қуанасыз. Күндіз жүргеніңізге қуанасыз. Түнде жол бойында жарық жоқ дейді. Егер түнде жүрген болсаңыз, межелі жеріңізге аман-есен жету екіталай... Өйткені, ел ішінде «осы жаңа асфальттың кесірінен талай жол апаты болды, талайлар өліп кетті...» деген сөзді естідік.

Біз 15-20 шілдеде барған едік. Одан бері ол кесінділер жамалған шығар деп ойлаймын.

2. Шымкент – Жетісай арасында көп жүрдік. Шымкентке дейінгі, одан ары қарай Қазығұрт, Сарыағашқа дейінгі, 2-3-ақ жыл бұрын салынған автобанды айтпай-ақ қояйын, ол бетонжолдар да шаршап қалғаны рас.... Ал Сарыағаш пен Жетісай арасындағы, әсіресе, Абай – Қызыләскер – Қазығұрт аралығындағы ауданаралық маңызды тасжолдар сұмдық жағдайда. Екі көлік қатарласқанда әрең сыяды, өте тар, ойдым-ойдым, шоқалақтап, жүру мүмкін емес.

Ал Абай – Жетісай тасжолын осыдан 2-3 жыл бұрын жауып тастағаны есімде, айналма жолмен баратынбыз. Сол картина бір түйір өзгермеген. «Жол жабық, жөндеу жұмыстары жүріп жатыр» деген сол баяғы белгі өзгермеген, әлі тұр. Қопарылған күйі, астаң-кестеңі шығып жатыр...

3. Ауылдарда ауызсу тапшылығы да сол күйі, баз-баяғы қалпында. Ештеңе өзгермеген.

4. Жетісай ауданы Бақконыс ауылына «100 мектеп – 100 аурухана» бағдарламасымен мектеп салыну тиіс еді. Тендер жарияланған. Қаржы бөлінген. Мектеп салатын аумақ қоршалған. Бітті. Ары қарай мектеп те жоқ, құрылысшылар да жоқ... тек жол бойында тау-тау боп үйілген тас қалған естелікке... Ал Бақконыс ауылының орталық көшесін де, ауыл ішіндегі көшелерді де қандай халде екенін айтпай-ақ қояйын... Ондай ауылдар, ондай көшелер бүкіл Қазақстан бойынша жүздеп саналатынына көзім жетеді...

5. Тағы бір қызық фактіге таңғалып қайттым. Әлгі әйгілі Фирдоуси ауылындағы тәжік мектеп естеріңізде ме? Айгүл Орынбек сол мектептегі мәселені көтерген... Оқушы қыздар хиджабпен мектепке барып, мектеп директоры мен ата-аналар арасында үлкен дау туып, ақыры мемлекеттік органдар араласып, дау біршама тоқтаған еді ғой...

Енді қараңыз, сол Фирдоуси ауылындағы сол тәжік мектебіне үкімет жарқыратып жаңа ғимарат салып берген. Әдетте, мемлекеттік стандарт бойынша сондай мектептерді салуға 300 млн. теңге бөлінеді дейді білетіндер.

Ал сол тәжік мектебін салуға қазынадан 1 млрд-тан астам қаржы бөлінген. Ондай жарқыраған үлкен мектеп, тіпті, аудан орталықтарында, тіпті, кейбір облыс орталықтарында жоқ...

Ең қызығы, тәжіктер балаларын оқытуға, әсіресе қызбаласын оқытуға аса құлықты емес. «Баласын мектепке жібермейді, мақтаға салады.... сыныптар қаңырап бос тұрады.... әр сыныптың балаларын бір-бірлеп түгендеген кезіміз болды...» дейді сол мектептің ұстаздары.

Тағы бір назар аударатын мәселе – әр өзбек, тәжік отбасында, кемінде 8 баладан, 10-12-15 баласы бар отбасылар да кездеседі.

«Сол балаларының көбісіне, жергілікті комиссияға пара беріп, мүгедектік «оформить» етіп, мемлекеттен ай сайын мүгедектік жәрдемақы алатындар көп. Ал біз шын мүгедек жандарымызға мүгедектік ала алмаймыз...» дейді жергілікті халық.

6. Жедел жәрдем шақырсаңыз, Түркістан арқылы жібереді. Ол 2 сағатта жетем дегенше өліп кетпеуге тырысу керек...

7. Арыс – ол анау... нақты жағдайды тікелей эфирде көрсеттік...

Қысқасы, кордаланған мәселелер шаш етектен...

Алайда, ұшақпен барып, ауыл үстін тікұшақпен аралайтын Елбасы да, Президент те, Премьер-министр де ештеңені көрмейді, білмейді. Олар біз сияқты, күніне 400-500 шақырым жолды көлікпен жүріп өтіп, өз көздерімен көрсе, Қазақстанның әлі 20 ғасырдың басында қалып қойғанын көрер еді.

Халықты Елбасыға да, Президентке де, Премьерге де жақындатпайтын жергілікті кіші шенеуніктерде де көп бәле бар...

Мемлекеттен бөлінетін триллиондарды халық игілігіне жұмсайтын басшылар аз, ал өзара бөлісетін басшылар – мыңдап саналады. Қазақстанды құрдымға жіберіп отырғандар міне, солар.

Сондықтан Елбасы да, Президент те шенеуніктердің орнын сапырыстырып, ауыстыра бергеннен ештеңе ұтпайды. Керісінше, көп нәрсе ұтқызады...

Әзірге адал адамдарға сенім артып, халық алдында әлі де оң нәтижеге жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Ол үшін әр облыста, әр ауданда бір-бір Жәкішев, Әбішев сынды адал адамдар болса, сол да жаман болмас еді...

Сәуле ӘБІЛДАХАНҚЫЗЫ

Нәзия ЖОЯМЕРГЕНҚЫЗЫ,
«Түркітілдес журналистер қорының» президенті:

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН ДАМЫТУДЫ ДІТТЕЙМІЗ

Қазақ журналистикасының дамуына, бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің сапасы мен журналистердің кәсіби біліктілігінің артуына лайықты үлес қосып келе жатқан қордың бірі – «Түркітілдес журналистер қоры» десек артық айтқандығымыз емес. Осы тұста қашан да, ілкімді істердің ұйытқысы болып жүретін қордың тыныс-тіршілігімен оқырмандарды толығырақ таныстыру мақсатында «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ президенті, Қазақстандағы Әйел журналистер клубының жетекшісі, Медиа-тренерлер мектебінің директоры Нәзия Жоямергенқызымен сұхбаттасқан едік.

– Нәзия Жоямергенқызы, әңгімемізді «Түркітілдес журналистер қорының» құрылудағы мақсаты мен міндетінен бастасақ...

– «Түркітілдес журналистер қоры» 2014 жылдың 11 қарашасында құрылды. Қордың жанынан ашылған Жас журналистер мектебі, Әйел журналистер клубы, Медиа-тренерлер мектебі бар. Басты мақсат – түркі елдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен ынтымақтастық орнату, кәсіби бірлікті күшейту, ортақ жобалар арқылы тәжірибе алмасу.

– Қор құрылғалы бері бес жылдың ішінде отандық және халықаралық бірнеше жобаны жүзеге асырды. Осылардың бірқатарына тоқталып өтсеңіз...

– 2017 жылы Түркияның Бұрса қаласындағы ASGD (Anadolu Spor Gazeteciler Dernegi) қорымен бірігіп, «Стамбұл-Бұрса-Аланья» жобасын ұйымдастырдық. Осы жоба аясында «Спортта зорлық-зомбылыққа қарсылық» тақырыбында I Туризм және спорт саммитін өткіздік. Шараға Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Татарстан, Германия, Франция, Дания елдерінен келген журналистермен бірге Алматы, Астана, Шымкент, Ақтау қалаларынан мамандар қатысты. Шара барысында Аланья Журналистер одағымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Сонымен қатар, 2017 жылы Стамбұл-Ескішаһар жобасында Стамбұлдағы CNN Turk, Kanal D т.б. телеарналар мен Түркияның ең ірі басылымдарының бірі – «Hurriyet» газетінде тәжірибе алмастық. Ескішаһарда газеттердің редакцияларында болып, «Kanal 25» телеарнасындағы арнайы ұйымдастырылған тікелей эфирде Қазақстан мен Түркиядағы БАҚ, ортақ жобалар мен мүмкіндіктер туралы пікір алмастық.

2017 жылы қыркүйекте Стамбұл қаласында I Түркітілдес журналистердің медиа-форумын өткіздік. Аталған шараға Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Татарстан, Өзбекстан, Қырғызстан т.б. түркі елдерінен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып, түркі журналистеріне тән қиындықтары мен мүмкіндіктер, ортақ жобалар туралы кеңесті. Екінші медиа-форум 2020 жылы Қазақстанда ұйымдастырылмақ. Қазіргі таңда дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ, 2018 жылдың мамыр айында Түркиядағы президенттік және парламенттік сайлау барысын бақылауға қазақ журналистері де қатысты. Стамбұл-Йалова жобасы арқылы «Саяси PR және сайлаулар» тақырыбына семинар-тренинг өткізіліп, саясат саласында қалам тербейтін журналистер өздерінің кәсіби біліктілігін арттыруға зор мүмкіндік алды. Дәл осы тақырыптағы тәжірибелік сабақ Алматыда да ұйымдастырылды.

2020 жылдан бастап, Түркітілдес журналистер қоры Еуропа елдеріне жобаларын бастайды. Мақсатымыз – әлемдік деңгейдегі ақпарат құралдарымен байланыс орнатып, тәжірибе алмасу.

– Өзіңіз басқарып отырған Әйел журналистер клубының бүгінгі тыныс-тіршілігімен де таныса отырсақ...

– Қазір бүкіл әлем бойынша журналистика саласында қыз-келіншектердің үлес салмағы басым. Барлық басқа салалардағы сияқты, әйел журналистер де әділетсіздіктерге жиі тап болады. Мәселен, мансап баспалдағымен өсу барысында да қыз-келіншектерге қарағанда, ерлерге зор мүмкіндік беріледі.

Нәзікжандылардың кәсіби шеберлігін шыңдауға да уақыты мен мүмкіндігі шектеулі. Өйткені, олар түзде – журналист, ал үйде – жар, ана, келін, әйел. Отбасы алдындағы міндетін мүлтіксіз атқаруға мүдделі. Осы мақсатта, Түркітілдес журналистер қорының жанынан Әйел журналистер клубын құрып, қыз-келіншектерге тегін семинар-тренингтер, тәжірибелік сабақтар, шетелдік сапарлар ұйымдастырумен айналысып келеміз.

– Журналистер арасындағы түрлі тақырыптағы семинар-тренингтерді жиі өткізуге не түрткі болуда?

– Өкінішке орай, кейбір әріптестеріміз кәсіби біліктілігінің төмендігінің салдарынан өз өміріне қауіп төндіретін жағдайлармен бетпе-бет келіп жатады. Соңғы жылдары әлеуметтік желілер мен БАҚ-та жалған ақпараттар тарату, жаңалықтарды тексерместен, жариялау, фактчекинг, троллдар мен фейктердің жазғандарымен бөлісу, ұлт және дін араздығын қоздыру, арнамысқа тию, қорлау, жеккөрушілік пен агрессия және т.б келеңсіз құбылыстар көбейіп кетті. Бұл тұрғыда, қарапайым азаматтармен қатар БАҚ өкілдері де ҚР Қылмыстық және Азаматтық кодекстерінің баптарына сәйкес жазаға тартылып жатыр. Бұл тұрғыда, әріптестеріміздің кәсіби біліктілігін арттыра түсу мақсатында отандық заңгерлердің қатысуымен семинар-тренингтерді жиі өткізуді қолға алдық. Мұндай игі шаралар журналистердің өз саласында шыңдала түсуіне жол ашып жатқаны көңіл қуантады.

– Жақында ғана өткен, «Әлеуметтік журналистика: БАҚ-тағы әлеуметтік мәселелер» тақырыбына өткізілген семинар-тренингтің де берері мол болғаны анық. Осынау ауқымды шара турасында тарқата түссеңіз...

– Кез келген қоғам үшін әлеуметтік мәселелер баса назар аударуды қажет ететіні түсінікті. Осы мақсатта, таяуда ғана Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында «Шеврон» компаниясының қаржылай қолдауымен, «Әлеуметтік журналистика: БАҚ-тағы әлеуметтік мәселелер» тақырыбына өткізілген семинар-тренингке Алматы, Нұр-Сұлтан, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе, Талдықорған, Семей, Павлодар, Өскемен, Ақтау, Қостанай, Орал, Көкшетау және т.б көптеген қалалардан 70-тен астам журналист білімін арттырды. Шараға Түркітілдес журналистер қоры Ұлыбританияның Лондон қаласынан арнайы шақырған медиа-тренер Ватан Өз қазақ журналистермен BBC, CNN, Reuters сияқты халықаралық ақпарат құралдарындағы тәжірибелерімен бөлісті.

– Қазақстандық журналистиканың басты мәселелерінің бірі – салалық журналистиканың дамымауы. Осы мәселенің түйінін тарқата түсу үшін Түркітілдес журналистер қоры қандай жұмыстар атқаруда?

– Иә, еліміздегі салалық журналистиканың дамымауы өз кезегінде көптеген мәселелердің туындауына түрткі болуда. БАҚ өкілдерінің басым бөлігінің әлі күнге дейін «әмбебаптық» ұстанымынан арыла алмай, келе жатқаны – кәсіби тұрғыдан әлсіздігін көрсетеді. Әріптестеріміздің көпшілігі таңертең саясаткерден сұхбат алып, түсте сәулетшімен кездесіп, кешке шоу-бизнес өкілдерімен өнер саласын талқылайды. Ертесі күні басқа салалардың өкілдерімен өз жұмысын жалғастыруға мәжбүр. Бір саланы жіті зерттеп, терең меңгеру жоқ. Бұл дұрыс емес. Қазіргі нарықта өз орнын таппағандар бәсекелестік көшіне ілесе алмайды. Осы орайда, Түркітілдес журналистер қоры салалық журналистиканы дамытуға көңіл бөледі. Түрлі тақырыпқа ұйымдастырылатын шараларда белгілі бір саланың білікті мамандары медиа-тренер ретінде шақырылып, өзінің білім-білігімен бөлісуде.

– Қазақтілді спикерлер, баяндамашылар, медиа-тренерлердің аздығы да бұл іске қолбайлау болатын шығар...

– Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Түркітілдес журналистер қорының жанынан ашылған Медиа-тренерлер мектебі жұмыс істеуде. Мақсатымыз – кәсіби тұрғыда мықты мамандарды қордың ұйымдастыруымен өткізетін семинар, тәжірибелік сабақтарға медиа-тренер ретінде тарту. Нәтижесі жаман емес. Мәселен, Британияда PhD докторлық оқыған әріптесіміз Гүлбиғаш Омарова бірнеше рет саяси науқандар мен сайлаулар, саяси PR туралы журналистерге семинарлар өткізді. Британияда білімін жетілдірген тағы бір заңгер – Халида Әжіғұлова Нұр-Сұлтан қаласында өткізілген семинарда жалған ақпараттармен күресудің жолдарын айта келіп, отандық және шетелдік заңнамалардан хабардар етті. Сонымен қатар, телевизия саласында біраз жылдан бері тер төгіп жүрген білікті маман Самал Мейрамқызы Алматы мен Нұр-Сұлтандағы басқосуда «Қазақстан» ұлттық арнасынан көрсетілетін «Қарекет» пен «Айтуға оңай» бағдарламаларындағы әлеуметтік мәселелер, журналистің ықпалы, кәсіби қырлары мен адами құндылықтары жайлы әңгімеледі. Болашақта Медиа-тренерлер мектебіндегі ұстаздар саны кәсіби шеберлермен толыға түсетініне сенімдіміз. Ең бастысы – Қазақ қоғамын дамытуға мүдделі азаматтармен бірге жұмыс істеуді көздейміз.

Салалық журналистиканы дамытуға қосып жатқан үлесіміздің бірі – жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Еркін сөз» шығармашылық байқауы. «Халық банкі» АҚ қаржылай қолдауымен өтетін Байқаудың басты ерекшелігі – қаржы саласына қатысты мемлекеттік тілде жазатын БАҚ өкілдерінің қатысуында. «Үздік мақала», «Сайттағы үздік мақала», «Үздік сюжет» аталымдары бойынша сарапқа салынатын Байқаудың жүлде қоры – 4 000 000 теңге. Алдағы уақытта бұл байқау өз жалғасын таба бермек.

– Журналистердің ағылшын тілін жетік меңгеруіне де сіз басқаратын қордың мұрындық болып келе жатқанын білеміз...

– Бүгінде отандық БАҚ өкілдері халықаралық деңгейде тәжірибе жинақтауға, әлемнің үздік жоғары оқу орындарына білім алуға ұмтылады. Жедел әрі нақты ақпарат алу, дерек көздерімен жұмыс істеу үшін ағылшын тілін жетік білу маңызды. Осы орайда, Түркітілдес журналистер қоры Алматыдағы кеңсесінде журналистерге Ағылшын тілін үйретуді қолға алды. Аптасына үш рет теория мен практикалық сабақ өтеді. Ағылшындардың әліпбиін үйрене бастаған әріптестер бірден сөйлеуді меңгеру үшін «Speaking Club» жұмыс істейді. Әріптестеріміздің ағылшын тілін үйренуге талпынуы өз кезегінде халықаралық деңгейде жұмыс істеуіне жол ашпақ. Мұның барлығы сайып келгенде, Түркітілдес журналистер қорының қазақ журналистикасының дамуына қосып жатқан үлесі.

– Нәзия Жоямергенқызы, сондай-ақ, Жас журналистер мектебі арқылы жас мамандарды тәрбиелеп келесіз. Балалардың беталысы қалай?

– Түркітілдес журналистер қорының жанынан Жас журналистер мектебі ашылған. Мектепте балалар журналистика жанрларымен қатар шешендік өнер, көсемдік қасиет, сөздік қорын байыту, жаңа медиа, оның ішінде әлеуметтік желілердегі белсенділік, сайтқа мақала салу, сурет, аудио және видео жүктеу, YouTube арнасымен жұмыс істеуді үйренеді. Жас журналистер мектебінің балалары еліміздегі және шет елдердегі тарихи жерлерге экскурсиялар жасап, редакцияларға пресс-турларға қатысып жүр. Жуырда Самарқанд пен Ташкент қалаларында болып, тарихи орындарды аралап, көкейге көп нәрсені түйіп қайтты. Балаларға ел мен жер дің тарихын таныта отырып, олардың білім көкжиегін кеңейтуге күш салудамыз. Жоба барысында балалар «Му5» телеарнасында, «Gunca» («Гунча»), «Gulhan» («Гулхан») журналдарының редакцияларында, «Баспалар үйінде» қонақта болып, жұмыс барысымен танысты. Ташкеннің төрінде тұрған Төле би атасының кесенесіне барып, Құран бағыштап қайтты. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Самарқанда, мәшһүр қолбасшы Әмір Темірдің кесенесіне де арнайы барды. Алдағы уақытта Түркия, Әзірбайжанмен бірге Еуропа елдеріне пресс-турлар жоспарланған.

– Осы орайда оқушылар арасындағы байқаулар туралы да кеңірек білсек дейміз...

– Өскелең ұрпақты өнегелі іске баулу мақсатында Түркітілдес журналистер қоры түрлі шараларды ұйымдастыруды қолға алған. Атап айтқанда, «Bilgen-Dara bol» байқауында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы басты мәселелерді тақырып ретінде таңдалған. Байқаудың алғашқы төрт кезеңі республикалық, бесіншісі – халықаралық деңгейде өтпек. Оған Қазақстанмен бірге Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Татарстан т.б. түрк елдерінен 2-11 класс оқушылары қатысады. Еліміздегі 2-11 класс оқушыларына арналған тағы бір республикалық байқау – «Жас журналистер байқауы – 2019». Биылғы Жастар жылына орай, Байқау «Жастар – елдің болашағы» тақырыбына өткізілмек. Келешекте аталмыш байқау түрлі маңызды тақырыптарға арналып отырмақ.

– Әңгімеңізге рахмет! Қордың алдағы уақытта атқарар жұмыстарына сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан:
Гүлмира БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

КӨГІЛДІР ОТЫН КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуінің бесінші бастамасында: «Елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру» ісіне жете тоқталады. Бесінші бастамада: «Біз Қараөзек (Қызылорда облысы) – Жезқазған – Қарағанды –Теміртау – Астана бағытында магистральді газ құбырын салу жобасын жүзеге асыруымыз керек. Оған тиісінше қаражат тарту қажет болады, соның ішінде халықаралық қаржы институттарынан да. Бұл 2,7 миллион адамды газбен қамтамасыз етумен қатар, шағын және орта бизнестің жаңа өндірістерін ашуға мүмкіндік береді», – деп атап өткен-ді. Бүгінде осынау бастама аясында еліміздің барлық аймағын газбен қамту ісі қызу жүргізілуде.

Оқырмандарымызға түсінікті болу үшін алдымен еліміздегі газ саласының тарихына қысқаша тоқтала кетейік. Қазақстанда 20 ғасырдың алғашқы жартысына дейін табиғи газ өндірілген жоқ десек те болады. Рас, мұнай өндірісі барысында аздаған газ алынып тұрды. Дербес сала ретінде Маңғыстау аймағында, кең көлемде өндірілуі Қарашығанақ кен орнын игеруімен басталды.Қазіргі кезде республикамызда 100-ге жуық газ қоры барланды оның жартысына жуығы Қарашығанақ үлесінде. Қашаған, Теңіз, Жаңажол да ірі кен орындары болып есептеледі.

Республикада табиғи газ алғаш 1960 жылы «Өзен» кен орнында өндірілді. Ал, өнеркәсіптік мақсатқа пайдалану 1966 жылдан басталды.1973 жылы табиғи және ілеспе газ өңдеумен, газ конденсатын сұйылтатын және құрғақ газ, газ бензинін алумен айналысатын Жаңаөзендегі «Қазақгаз» өңдеу зауыты іске қосылды. Бүгінгі күні Қазақстанда «Қазақгаз», «Теңізгаз», «Жаңажолгаз» «Қарашығанақ» газ өңдеу зауыттары жұмыс істейді.

Қазақстан жері газға бай. Каспий, Мойынқұм, Шу-Сарысу ойпаттарында, Қарашығанақ пен Теңізде газдың мол қоры бар. Барланған табиғи газ қоры 4,0 трлн. жасанды газ қоры 1,2 млрд. текше метр. Еліміздегі жобалық ресурстар есебі бойынша табиғи газ 6 трлн, ал жасанды газ қоры 2,2 млрд. текше метр болжанып отыр. Бұл өте мол қор.

Қордың мол болуы өз алдына, оны игеріп, пайдалану үлкен мәселе. 2014 жылы ел үкіметі «2030 жылға дейін ҚР газ секторын дамыту Тұжырымын» бекіткен болатын. Саланы дамытудың ұзақ мерзімді жоспары мен жұмыстың негізгі бағыттары аталмыш құжатта нақты көрсетіліп, 2030 жылға дейін газдандырудың бас жобасы жасалынды. Жоспар бойынша, көрсетілген мерзімде Қазақстанда газбен қамту деңгейі 11,5 млн. адамға жетуі тиіс және 1600-ден астам елдімекенге газ жеткізу межеленген. Осы орайда 2020 жылға дейін 9 облыста газдандыру көлемін ұлғайту мақсатында жалпы ұзындығы 7 мың шақырымнан асатын газ құбырларын салу және жаңарту жөніндегі инвестициялық жобалар жүзеге асырылу көзделген. Үкімет қаулысы шығысымен 2014 жылдан бері газдандыру жұмысы үлкен қарқынмен жүргізіле бастады.

Ішкі сұранысты қанағаттандырумен қатар өнімді сыртқа шығару да қатар жүргізілуде. Бұрындар Қазақстанның газы Еуропаға Ресей арқылы ғана жеткізілетін. 2017 жылдың қазан айында Қазақстан Қытайға газ экспорттай бастады. Яғни, жаңадан балама жол пайда болды. Бұл республиканың газ саласы үшін тың бағыт. Айта кету керек, ұлттық оператор «Қазтрансгаз» АҚ қысқа мерзім ішінде барлық магистралды газ құбырларын бір жүйеге біріктірген жобаларды іске асырып үлгерді. Қазір республика территориясымен Орта Азия-Орталық, Бұқара-Урал және Орталық Азия-Қытай секілді 3 трансұлттық газ құбыры жүреді. «ҚазТрансГаз» АҚ-на қарасты газ тасымалдау жүйесі 55 мың шақырымнан астам газ құбыры және газ бұру тарамдары бар. Оның 19 мың шақырымы магистралды газ құбыры. Осы күрделі жұмыстың үштен бірі соңғы бес жылда жасалғаны саладағы қарқынды көрсетеді.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралды газ құбырының бірінші кезегі 2013 жылдың аяғында қолданысқа енгізілсе, 2015 жылдың қараша айында магистралды газ құбырының екінші кезегі іске қосылды. Магистралды газ құбырының жалпы қашықтығы 1477 шақырым, газ тасымалдау көлемі 10 млрд. текше метрге дейін жетеді. Ол қазір жылына 5 млрд. текше метр газ айдайды, ал 2020 жылға қарай газ көлемі екі есеге артады. Сөйтіп Қазақстанның оңтүстігін газбен үздіксіз, тұрақты қамту міндеті орындалды. Сонымен бірге артық газды Қытайға сату мүмкіндігі пайда болды. Газ шаруашылығында үлкен модернизация жүргізіліп, оны тасымалдау көлемін арттыруға мүмкіндік алдық. Нарықтағы жағдай өзгере қалса да бағытты кез-келген жаққа сұранысқа орай ауыстыруға толық мүмкіндіктер бар.

Газ өнеркәсібінің даму серпіні бойынша біздің еліміздің ТМД бойынша бірінші орында болуы Қазақстанның газ тасымалдау желісі қарқынды дамып келе жатқанын көрсетсе керек. Көптеген газ жобалары жүзеге асырылумен қатар, саладағы негізгі қорлардың басым бөлігі толықтай жаңартылды, барлық құбырлар бірыңғай желіге біріктірілді. Мәселен, Бейнеу-Бозой- Шымкент» магистралды газ құбыры құрылысы бірден үш маңызды мәселені шешіп берді. Оңтүстік өңір газбен қамтасыз етілді, газ тасымалдаудың бірыңғай жүйесі құрылды және экспорт көлемі артты. Осы жобаның арқасында Астананы және солтүстік аймақтарға газ жүргізу қолға алынды .

2018 жылдың наурызында бес әлеуметтік бастамасын мәлімдеген мемлекет басшысы бесінші бастама ретінде елді газдандыру қажеттігін айтқаны белгілі. «Бүгінде елді газдандыру деңгейі 50%-ға жуық. 9 облыста ғана газ бар, негізінен батыс пен оңтүстікте. Ал орталық және солтүстік өңірлер әлі де газсыз отыр, – деген Елбасы бір-бір жарым жыл ішінде солтүстік өңірге газ тартуды тапсырған-ды. Осы мақсатта магистралды газ құбыры бойынша «Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана – Көкшетау – Петропавл» бағыты бойынша жоба жасалып, оны іске асыру басталып кетті. Бұл газ құбыры «Сарыарқа» деп аталды және көптеген елді мекендерді қамту көзделген. Нақтырақ айтсақ, бірінші кезең –1081 шақырымдық «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Астана» құбырын салу. Екінші кезең–276 шақырымдық «Астана-Көкшетау» құбыры. Ол Ақмола облысын, оның ішінде Көкшетау қаласы мен Щучинск-Бурабай демалыс аймағын қамтиды. Үшінші кезеңде Көкшетау мен Қызылжар қаласы арасы магистралды құбырмен жалғанады. Бұл бағыттың қашықтығы 177 шақырымнан асады. Төртінші кезеңде «Жезқазған» және «Теміртау» компрессорлық стансаларын салу көзделген. Нәтижесінде бұл магистралда газ құбырымен жылына 3 млрд. текше метр газ жүргізуге болады. Осы тұста бұл шараларды атқару барысында көптеген жұмыс орындары ашылатыны да өте маңызды. Тұрғындарды жұмыспен қамту ісі де қатар атқарылады деген сөз. Екіншіден, тез өсіп келе жатқан елорданың эологиялық жағдайы да жақсарады. Алдынала есеп бойынша бір ған елорда 200-дей жекеменшік және шамамен 50-дей шағын коммуналды қазандықтар табиғи газға көшеді деп жоспарлануда. Сондай-ақ, 20 мыңдай жер үй көмірден газға көшірілмекші. Соның нәтижесінде бұрынғыдай жылына 650-700 мың тонна көмір жағылмайды, мамандардың мәліметінше улы түтіннің таралуы алты есеге азаяды.

Қуанышымызға орай, күні кеше ғана БАҚ-та елордада жыл соңында газ беріле бастайтыны туралы ақжарма жаңалық таратылды. «Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу бойынша құбырларды дәнекерлеудің соңғы кезеңі аяқталды.

«Елбасының 5 әлеуметтік бастамасы негізінде, елордаға газ жеткізу мақсатында, былтырғы жылдың желтоқсан айында «Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу басталды. Ал дәнекерлеу жұмыстары үстіміздегі жылдың наурыз айында қолға алынып, бүгін міне 1061 шақырымдық газ құбырының жұмысы өз мәресіне жетті. Енді уақытта техникалық жұмыстары қалды, желтоқсанда газ беріле бастайды. Одан әрі қала әкімдігі тиісті органдармен бірігe отырып елорданы толық газбен қамтуға мүмкіндігі бар. Бұл елімізде жүзеге асырылған ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі болып табылады. Бұл жобаның мақсаты – елордамен қатар, оған жақын облыстар мен елді мекендерді газбен қамтамасыз ету», - деді «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов. Оның мәлімдеуінше, аталған газ құбыры Қызылорда –Жезқазған– Қарағанды – Теміртау – Нұр-Сұлтан бағыты бойынша тартылған. «Магистральды салуға 2 мыңнан астам адам атсалысты. Бұл ретте, барлық құрылыс жұмыстары еңбекті қорғау талаптарына қатаң сәйкестікте жүргізілді. Бүгінгі таңда, кестеге сәйкес, Жезқазған, Қарағанды, Теміртау мен Нұр-Сұлтан қалаларында газ өлшеу станциясы мен 5 газ тарату станциясын салу жұмыстары жүргізілуде», - деді ол. Сондай-ақ, А. Есімов еліміздің басқа да өңірлерінде газдандыру процесінің одан әрі кезең-кезеңмен және жоспарлы түрде дамыту көзделгенін айтып өтті.

Қуанышты хабарды ерекше атап отырғанымыздың өз себебі бар. Шынын айтсақ, біздегі қабылданған бағдарламалардың көбісі толық орындалмай, бөлінген қомақты қаржылар өз уақытында игерілмей қалатыны жасырын емес. «Сарыарқа» жобасы қарқынды басталып, соңына дейін сол екпіді жоғалтпағаны қуантады. Өйткені, көгілдір отынды еліміздің орталық және солтүстік өңіріндегі миллиондаған тұрғындарымыз тағатсыздана күтіп отырғаны белгілі. Сондықтан, бұл сала бойынша алға ілгерілеу бар екенін ашық айтқанымыз жөн.

Қасым-Жомарт Тоқаев жақында өзінің Атырау облысына жасаған жұмыс сапарында «Жігермұнайсервис» кәспорнында болғаны белгілі. Мемлекет басшысы мұнай-газ саласын дамыту мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өткізіп, мұнай-газ өндіруді одан әрі дамытудың маңыздылығын атап, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың алдына бірқатар нақты міндеттер қойды. Мемлекет басшысы Қашаған, Теңіз және Қарашығанақ сияқты кен орындарына қатысты ауқымды жобаларды одан әрі жүзеге асыру қажеттігіне тоқталды. Қашағандағы мұнай өндіру деңгейін жүйелі негізде арттыру мақсатында Үкіметке Консорциумның мердігер компанияларымен бірлесіп, алып кен орнын толыққанды игерудің Жол картасын келісуді тапсырды. Президент еліміздің батысындағы кен орындарынан республиканың өзге өңірлеріне мұнай, газ тасымалдау мәселесіне арнайы тоқталып, мұнай-газ химия саласының дамуы экономиканы жаңғыртудың маңызды бағыты екенін атады.

Қазақстан Президенті газ саласының басымдығын арнайы атап, газ құбыры жүйесін дамыту ісінде жақсы нәтижелер бар екенін айтты. Бұл ретте, ол Үкіметтің назарын халықты газбен қамтамасыз ету қажеттігіне аударды.

«Елімізді газбен қамту деңгейі 50 пайызды құрайды. Бұл – 9 миллион халық деген сөз. «Сарыарқа» магистральды газ құбыры құрылысының жобасын іске асыру нәтижесінде еліміздің қосымша 2,7 миллион халқы газбен қамтамасыз етіледі», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Ол үшін геологиялық барлау мәселесіне де ұмытпау керектігін еске салды. Оның айтуынша геологиялық барлау жұмыстарын күшейту арқылы минералды шикізат қорын сапалы толықтыру керек.

Байқап отырғанымыздай бұл салада мемлекеттік бағдарлама аясында нақты жұмыстар атқарылғаны көрер көзге ұрып тұр. Соның нәтижесінде елді көгілдір отынмен қамту көкжиегі кеңейіп келеді. Осы қарқынды жоғалтпаса алмасақ болды...

З. ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

Әбе әлемі

Қаны ата-анасынікі болғанымен, жазушы рухани құбылыс ретінде өз ұлтының перзенті. Сондықтан, ол ұлты үшін отқа да, суға да түседі. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін, қызыл Кремль күллі қазаққа қара күйе жақты. Ұлтқа жасалған қиянатқа қарсы Жұбан ақын бастап, қазақ қаламгерлері дауыс көтерді. Ұлттық интеллигенция қудалана бастады. Ұзамай қызыл Кремль қожайыны, Кеңес Одағының тұңғыш «демократ» президенті М.Горбачев Алматыға келді. Ескі дағдымен партиялық номенклатура генсекті тік тұрып, ду қол шапалақтап қарсы алды. Абай атындағы опера және балет театрында болған жұртшылықпен кездесуде де дүрілдеген қол шапалақтаудан театр түңлігі желпілдеп тұрды. Генсектің екі езуі екі құлағында. Алайда, оның бұл көтеріңкі көңіл-күйін тағы да бір қазақ жазушысы бұзды. Ол – мінберге зиялы қауым атынан көтерілген Әбдіжәміл Нұрпейісов еді. Жазушы соның алдында Кремльдің түгел ұлтқа жаққан күйесіне «Правда» газеті бетінде тойтарыс берген болатын. Горбачев сол сапарынан сәл бұрын қазақты дүрліктірген орыс казактарының әскери құрамаларын құру жайлы шешім қабылдаған еді. Қазақ жазушысының шиыршық үні Горбачевқа қазақтың қызыл Кремльге деген қарғысындай естілсе керек, күлкіні ұмытып, жұртқа қарамай, стол үстінде жатқан «Правда» газетімен бетін көлегейлей берді. Жазушы сөзін доғарғанша сол газет тасасына тығылған қалпы отырды.

Бірақ империялық астамшылық арыны әлі алапат еді. Егемендікке енді аяқ басқан Қазақстанның төбесіне орыстың ұрыншақ жазушысы Солженицын әңгір таяқ ойнатты. Анау-мынау емес, Қазақстанның бүкіл солтүстігіне ауыз салды. Әбе, Әбдіжәміл Нұрпейісов, тағы да қалам-семсерін қолға алды. «Известия» бетінде Солженицынның сыбағасын берді. Сол жолы Қазақстан тыңын ғасырлар бойы «патшалар игере алмағанда біз, оқ шығындамай-ақ игердік» деген Хрущевті де қосақтап ұрып жіберді.



Смағұл Елубай,
жазушы, ҚР Еңбек
сіңірген қайраткері

1990 жыл. Алматы. Парламент үйі алдында бір топ ашынған қазақтар шуылдап, «Аралдықтар да өмір сүргісі келеді» деген ұранын көтеріп тұрды. Бұлар Алматы түбіндегі бір ауылдан келген кешегі Арал балықшылары, бүгінгі экологиялық босқындар еді.

Соны естіген Әбе жанына дереу «Правда» газетінің тілшісі Дильдяевты алды да, Арал босқындары тұрып жатыр деген Алматы түбіндегі Дастан ауылына тартты. Екеуі, кезінде шошқа қорасы болған алқа-салқа үлкен барактың табалдырығын аттады. Қыстың сызы әлі де қуыс-қуыстан сезіліп тұрған жазғытұры шақ. Мал қамайтын ұзынша қорада бөлек-бөлек ұяларға тығылып, үрписіп отырған қатын-қалаш, бала-шаға. Әбенің де, Дильдяевтың да төбе шаштары тік тұрды.

– Ер-азаматтарың қайда?

– Жұмыс іздеп, қалаға кеткен.

Дегенмен, тілдесетін бір азамат табылды. Кенхан деген осы 120 түтінді көшіріп келген азамат, тұйықтау сарыдомалақ жігіт. Бұл азамат Арал апатынан азып-тозып осында көшіп келгенін, өз күштерімен далада қаңырап қалған екі шошқа қорасының бірін жамап-жасқап, 120 түтінге баспана етіп, екіншісін мал қора ретінде пайдаланып жатқандығын айтты. Алматы облкомының бірінші хатшысы Төлебековтен баспана салатын несие сұраған екен: «Сендерді бұнда шақырып әкелген мен емес, қайдан келсеңдер, сонда қайтыңдар» деп, жекіп шығарып салыпты. Жекіп қана қоймай, жер қылып, былапыт сөздермен сыбаған. Обком басшысымен болған сол текетірестен кейін жергілікті өкімет босқындар паналаған қораларды тартып алу «операциясына» кіріседі. Бұл барактарға электр қуатын беріп тұрған желі кесіледі. Су беру тоқтайды. Онсыз да мал қамайтын сарайда бүрсеңдеп отырған 120 әулет басына, сөйтіп, айна-қатесіз тозақ орнайды. Суық тиіп, балалар шетіней бастайды.

Бұны естіген Әбе мен журналист тіл-ауыздан айрылды. Алматыға тартты. Әбе үйге келе Қазақстан Компартиясының екінші хатшысы Ануфриевтің қабылдау бөлмесіне телефон соқты. Телефонды көтерген хатшы келіншекке Әбе өзін таныстырды да, Ануфриевте жедел шаруасының бар екенін айтты. Алайда, бұған былқ етпеген хатшы келіншек: «Ол кісінің қолы бос емес» – деп селкос жауап қатып, трубканы тастай салды. Онсыз да ашуға булығып келген Әбе осы тұста тарс айрылды, телефонды қайта терді де, хатшы келіншектің екі аяғын бір етікке тықты.

– Сіз... КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысын бүйтіп бұйым құрлы көрмей тұрсыз. Сонда сіз өзге жұртқа не қайыр көрсетпексіз. Кәне! Дәл қазір... Дәл қазір жалға бастығыңмен!.. – деді ол.

Хатшы келіншектің енді беті қайтқандай болды, сәл тосылып тұрды да, тұтқада үні өшіп жоқ болып кетті. Сөйткенше телефонда Ануфриевтың үні естілді. Әбе оның дәл қазір қабылдауын сұрады. «Келіңіз» – деді Қазақстан Компартиясының екінші хатшысы.

Араға 15 минөт салып, екінші хатшының кабинетінде отырған Әбе Алматыдан 40 шақырым жердегі шошқа сарайынан көрген сұмдықтарын тізіп шықты да: «Оны сіз тек өз көзіңізбен көруіңіз керек!» – деді. Ануфриев істің адамы екен. «Келістік. Ертең таңғы сағат 8.30-да келіңіз, барамыз, көреміз» – деді.

Әбе ертесіне таңғы шайға бас қоя бергенде телефон шар етті. Алса, кешегі хатшы келіншек: «Сізді жолдас Ануфриев пен обкомның бірінші хатшысы сыртта күтіп тұр! Сізге мәшине жіберу керек пе?» – деді.

Әбе уәделі жерге келгенде Ануфриевпен облыс басшылары көліктерінің жанында сақадай сай күтіп тұр екен. Жүріп кетті.

Облыстың бірінші хатшысы делегацияны тап-түйнақтай жөнделген бұрынғы шошқа қорасына алып келді. Соны көрсетіп, мақтана бастады.

Ануфриев: «Жоқ! Бізге шошқа қора емес, халықтың жағдайы керек! Соны көрсет», – деді шегелей.

Облыс басшысы делегацияны енді лажсыз аралдықтар тұрып жатқан баракка бастады. Жарығы жоқ, сыз, иіс-қоңыс, бала-шаға лыққа толы баракка бас сұққан делегация іле іште аялдай алмай, лықсып далаға шықты.

Ануфриев ашуға мінді.

– Адамға жасаған жағдайың осы ма? Шошқаға жасаған жағдайдан да жаман! – деп қадалды ол облыс хатшысына.

Сыртта жиналып аралдықтар мұңын басшыларға жеткізуге ортаға тұйық жігіт Кенхан шықты. Ол біраз жағдайдың басын қайырды. Бірақ, облыс басшысының: «Келген жақтарыңа қайтыңдар!» – дегенін айтпай, бүгіп қалды. Әбенің жандауысы шығып кетті.

– Әй, сен өйтіп жалтақтама! Кешегі маған айтқаныңды айт! Мына облыс басшысы саған не деп еді, соны айт! – деді.

Облыс басшысы киіп кетіп:

– Не деп едім мен саған? – деп, дүрсе қоя берді тұйық жігітке.

Кенхан енді еңсе көтеріп, оған тура қарады: «Сіздерді шақыртқан мен емес, қайдан келсеңдер сонда қайтыңдар!» – дегенсіз.

– Олай деген жоқпын мен саған!

Енді күшке Ануфриев мінді.

– Айдын-күннің аманында халықтың мынадай күйін көру – масқара. Бәріміз үшін ұят! – деді.

Республиканың екінші басшысы әңгімені созбай іске кірісті. Жұрттың көзінше облыс басшысына: «Мына халыққа жеңілдетілген несие бересің, осы жазда баспаналы болсын!» – деп бұйырды. «Сол оқиғадан кейін Аралға кеттім, одан кейін шетелге кеттім, жаз ортасында Алматыға оралып, баяғы босқындардың жағдайы не болды екен деп оқиға болған жерге барсам, өз көзіме өзім сенбедім, – дейді Әбе. – Әлгі жерде, сізге өтірік маған шын, қатар-қатар тізілген жаңа үйлер, тіптен жаңа ауыл пайда болыпты. 120 үй босқын түгел баспаналы болыпты».

– Ол ауылдың аты қалай?

– «Еламан».

– «Қан мен тердің» бас кейіпкерінің атын қойдық, – дейді сол ауылдың бас көтерер азаматы Кенхан Қитаров.

Сүрінгенге сүйесін, деміккенге демесін болу жазушының бір парызы, азаматтық парызы. Жоғарыда әңгіме болған оқиға Әбе өмірінде жиі кездесіп тұратын сондай парасы ғана. Алайда, ұлтқа қызмет етудегі жазушының басты парызы – жазу. Жақсы жазу, ұлт ұйытқысы болар әдебиет тудыру. Үлкен әдебиет жоқ жерде, үлкен ұлт жоқ. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қабылдауында болғанда Әбе осы жәйтті әңгімелейді. – Орыс халқы дегенде алдымен Пушкин, Толстойлар түседі еске, ағылшын дегенде алдымен ауызға Шекспир, Байронды аламыз. Немістер дегенде тіл ұшына Гете, Гейне есімдері орала кетеді. Ұлт болу кепілі – үлкен әдебиет. Қазақ әдебиеті өспей, қазақ елі өспейді. Әдебиетімізге шұғыл мемлекеттік қамқорлық керек. Тоқсаныншы жылдардан бері қазақ ақын-жазушылары қаламақысын, бармақ сорып келеді. Рас, әдебиет ақша үшін жасалмайды. Бірақ, әдебиетке ғұмырын арнаған ат төбеліндей қаламгерлердің де тесік тамағы, бала-шағасы бар ғой. Қаламақы әл үстінде жатқан әдебиетіміздің ауызына тамшы су тамызғанмен бірдей, – деді Әбе. Елбасы ақсақал жазушының бұл уәжін толық қабыл алды. Әбенің хаты көбейтіліп, дереу тиісті мекемелерге, облыс басшыларына таратылды. Бұл – Әбенің «жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілер» бұлыңғыр тұста әдебиет пен әдебиетшілерге жасамақ қамқорлығының бір түрі еді. Алайда, қаламақы мәселесі онымен толық шешімін таба алмады. Бюрократиялық батпақтардан мимырттап өте алмады...

Жазушының жанын жейтін, жегенде де күндіз-түні жегі құрттай кеміретін жәйттер жалғыз ғана ол ма! «Тілің болса анау, дінің болса мынау... Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары ел еңсесі қандай көтеріліп еді! Ұлттық рух қалай көтеріліп еді! Қайда соның бәрі? Не бітіріп жүрсіңдер? Сол елдің еңсесін көтеретін сендер емессіңдер ме, жас буын басшылар! Неге тілге деген мемлекеттік қамқорлық божырап кетті!». Бұл – Әбеңнің соңғы буын саясаткерлерге жиі айтатын ағалық базынасы.

Әбе өз жерінде отырып, өз тілін өгейсіткен осындай қазақ деген халықтың рухани жыртығын жамап-жасқауға шетел қазақтарын Қазақстанға тартудың маңызы бөлек деп біледі. Тоқсаныншы жылдардың басы. Моңғолия, Ресей, Өзбекстан, Қытай, Түркіменстан, Иран қазақтарының ата жұртқа алғашқы легі келе бастаған. Осы тұста оралмандарға, оның ішінде оралман қаламгерлерге бір қарлығаш қамқорлық жасау қажет деп білді Әбе. Сол кездегі Парламент төрағасы Ерік Мағзұмұлы Асанбаевты (бүгінде марқұм) осы тұста оралман қаламгерлергерлерге баспана жөнінен жәрдемдесуге үгіттеді, көндірді. Ұлтымыздың бір аяулы ұлы Ерік Мағзұмұлы бұл істі дереу өз қадағалауына алды. Жабыққанға жәрдем беруден жалықпайтын Әбеге бір бейтаныс бала келді бұрнағы жылы. Атын ұмытып қалыпты. Қалай еді өзі?

Қытайдан келіпті. Бір үрпиген сары бала. Жасы отыздан асқан жігіт те Әбе үшін бала. Бұ баланың не жұмысы жоқ, не азаматтығы жоқ, не қалтасында көк тиыны жоқ екен. Қыстың көзі қырауда жеңіл плащпен жағы үрпиіп, тоңып келді үйге. «Ойбұй, айналайын-ай!» деп, қиналып кетті Әбе. Алды да тиісті мекемелерге телефон соғуға кірісті. «Пәленшеге бар, сені қабылдайды», – деді. Жағы үрпиген сары балаға өз иығындағы ескілеу тонын шешіп беріп, қалтасына азын-аулақ пұл салды. Ол сары бала, ақылы бар екен, соңыра телефон шалып, азаматтық алғанын, үй алғанын айтты, Әбеден киген қара тонын ағаның көзіндей әспеттеп, Талдықорғаннан алған үйінің төріне іліп қойғанын айтты.

«Әбе... мерейтойыңызды тойлау керек! Ол жалғыз сіздің жеке шаруаңыз емес, арысы – халқымызға, берісі әдебиетімізге сын» деушілер көп. Ондайға Әбе елп етпейді. Даңғаза шоу, мерейтой дегендер туралы өз пайымы бар. Жазушы үшін салтанат, нағыз той талантты шығарма жазу ғана, оны оқырманның ақжарылып бағалауы деп біледі ол. Миллиондаған оқырманың сен жазған кітаппен қауышқанда шын толқыса, әсер әлеміне бөленсе нағыз мереке, нағыз той сол. Сен сезіммен, жаныңмен, қаныңмен жылдар бойы қағаз бетінде сомдаған кейіпкерлеріңнің миллиондардың рухани серігіне айналғанын көру (егер оны көруге жазса), жазушының нағыз жеңісі сол. Өзгенің бәрі жалған. Бәрі пендешілік. Ұлы Абай атақ, сыйлық тұрмақ, өмірінде адам қолынан бір жапырақ «мақтау грамотасын» да алмапты. Тірлікте басы жұмыр пенде ойлап тапқан ондай даңғазаларға алдансаң, пендешілікке бой алдырғаның дейді қаламгер.

Жазушы халқының төл перзенті, атасы да, анасы да – халық. Өз халқы. Сайда халқының балтыры сыздаса, қырда қаламгердің жүрегі ауырады. Сондай жүрек ауыртып, төсекте дөңбекшітер жәйттер бүгінде аз емес. Бұрындары көшеде қайыр сұрап жүрген қазақ болмайтын. Енді, міне, солардың қатары жиілеп кетті. Көрсе жаны ауырады. Жанынан өте алмайды. Көлігін тоқтатып қойып, жайылған алақаңға карт Әбекең жортақтап барып, ақша салады. «Ой, Алла-ай!» – деп, күңірене келіп көлігіне отырады. «Не боп барады, мына дүние. Төңірек толған «Мерседес». Ортасында соларға алақанын жайып жүрген қазақтың кемпірі... Сонда біз, осындай көріністен он аттам жерде өңшең ел азаматтары бас қосып арқа-жарқа болып, той тойлап жатамыз ба?» – дейді өз ойымен өзі алысқандай, күңірене күбірлеп. «Күңірене күбірлеп...». Қаламгердің күллі шығармасын бір шолып қараңызшы. Солардың бәрі де аумалы-төкпелі замандағы халқы жайлы өзінше бір «күңірене күбірлеуге» ұқсайды. «Қан мен тер», «Соңғы парыз». Бұл романдарды еске алсаңыз, аспан, жер арасында қабағы қарс жабыла түйілген, бұлыкси өкірген алып теңіз келеді көз алдыңызға. Сол теңіз бетінде толқын лақтырған жаңқадай тірлік үшін алысқан, арпалысқан, «мың өліп, мың тірілген», сіңірі шыққан балықшылар. Екі романда да теңізде тыныштық жоқ. Толықсып, ақ көбік ата ашу шақырып, адам атаулының апшысын қуырып, аласұрып жатады. Қазақтың маңдайына жазылған сол қатыгез ғасырдай, сол алапат ғасырдың өзіндей. Өзекті өртеген өксіктей. Күңіренеді, күрсінеді. «Соңғы парыздары» Арал бейнесі тіптен қиямет-қайымның өзі. Кісі шошырлық. Боран буған, шегірен былғарыдай тартылған, тұла бойын көк мұз құрсаған каһарлы Арал. Айдынында үскірік ұлиды. Қабағына мұз қатып, аласапыран түн құшағында күңіреніп жатыр. Күңірене дүрілдеп, мұзы жарылады. Алып теңіздің беломыртқасы үзіліп жатқандай. Аспан асты, жер бетінде айна-қатесіз заманақырдың өзі орнаған. Киелі кітаптарда айтылатын исі адамзатқа ұлы сот болар ғарасат майданынан бір аумайды. Арал тағдырын, оның төңірегін мекендеген адам тағдырын еске алсаңыз, шығармада қиюын тапқан үлкен қисынды сезесіз. Осылай болуы заңды екен. Теңіз басына ақырзаман орнаған екен. Атам заманнан адамзатпен бірге жасасып, Жер бесікте тербетілген керім көлдің, жағалауын жайлаған халықтың несібесі ару Аралдың небәрі ширек ғасырда озбыр қоғам, оспадар ұрпақ белін сындырып, жаназасын шығарыпты. Сонда жан берер алдында ақтық рет Арал тұяқ серіппегенде, кім тұяқ серіппек? Ышқынып бір Арал туламағанда, кім туламақ? Алланың берген ырзығына қол салдың, адам! Қол салдың да, қираттың. Енді соның зардабын тартарсың, адам! Сендер Арал басына ақырзаманды бүгін орнаттыңдар! Ертең сендердің басыңа ақырзаманды Арал орнатар. Суреткерді қинайтыны – озбыр қоғам жасаған осынау ұлан-ғайыр қылмыстан тағы да халық жапа шегетіні. Оның ертеңгі ұрпағы жапа шегетіні. Сіз бен біздің ұрпағымыз. Жапа шегіп те жатыр. Бұл ғалиматты сол теңіздің бір төл перзенті Әбе айтпағанда кім айтпақ. Айтпаса сөздің атасы өлмес пе еді. «Соңғы парыз» жазушының суреткер ретінде елін, жерін қорғап, заман алдында сөйлеген перзенттік сөзі, азаматтық парызы. Ғасыр қылмысына қарсы айтылған, қаламгердің қолымен қағазға түскен халық қарғысы.

Егер де осынау «роман – қарғыс» Арал ажалын көзбен көрген бүгінгі ұрпақ қаламынан тумаған болса, онда келер ұрпақ бізді кешер ме еді?

Келер ұрпақ, XXI, XXII ғасыр ұрпағы, сөз жоқ, социализм делінген сол бір сойқан қоғам тұсындағы қазақ тарихына үңілер. Үңілер де осынау озбыр қоғамның рухани болмысын, яғни, адам болмысын жіліктеп, зерттер. Себеп, ел өркениетке иек артқан сайын өткенді білуге деген құштарлық артар. Сол тұста алдағы ұрпақ өткен ғасырдағы, яғни «дамыған социализм» тұсындағы қазақ елінің рухани әлемін ұққысы келген ұрпақ, алдымен шырақ алып, әсіресе, әдеби көркем жәдігерліктерге үңілер. Ащы да болса әділін айтқан деректерді іздер. Ұлттар мен ұлыстар рухани, экологиялық ұрынып жатқан алмағайып тұстағы қауымның жансарайына шұқшияр. Сол жолда сарсылып «дамыған социализм» ресми әдеби әлемін тіміскілеп ақтарар да өңшең «ду қол шапалақтап» тұрған «коммунизм құрылысшыларын» көрер. Ана жақта Кремль түшкірсе, мына жақта «жәрәкімалда» деп, «Бұ не деген қуаныш! Бұ не деген бақыт!» деп, қол қусырып, бас шұлғып тұрған зал толы қазақ зиялыларын көрер. Жүздеріне назар тіктесеңіз, шынында да, бақытты, риза. Екі езулері — екі құлағында. Мәскеуден келген орыс ұлығын қолпаштап, алақандары ойылғанша дүркіреп қол соғып тұр. Бейнебір проблемасы жоқ елдің бас көтергендері дерсіз. Әдебиетін парақтасаң, жырлағаны – «өкімет пен партия». Түгел бір дәуірдің күнгей жағы ғана көлденең тартылған. Көлеңкесі жоқ бұ неткен қоғам дерсің. «Оу, күнгейі бар таудың теріскейі қайда» деп, болашақ ұрпақ күлер. Күлер де түңілер. Содан кейін сарылып, әдеби мұрағатты оңды-солды ақтарып, бұ заманға сын көзбен қараған шығармалар іздер. Сонда қолына «Соңғы парыз» іліккен болашақ ұрпақ бұ қоғамның көлеңкесі де болғанын, көлеңкесі болғанда да қабағынан қар жауған түнегі болғанын көрер. Озбыр қоғам салған орны толмас ойранды көрер.

Алдымен біз оның кітабымен кездестік. Алпысыншы жылдар басында шағын ғана (бір жапырақ деуге келетін) «Қан мен тер» қолымызға түсті. «Қан мен тер» трилогиясының «Ымырт» аталынған бірінші кітабы екен ол. Біз көрмеген Арал теңізі жағасындағы бір жағы балықшы, бір жағы ескі қазақ ауылының сырттай қоңыртөбел көрінген, ал, іштей қазандай қайнаған тірлігі кітаптың әлкиссасынан басталады. Салпыетек шайпауыз Қарақатын, сүймеген жанға танылып, сүйіктісін ұмыта алмаған аяулы Ақбала, оған бас қосқаны үшін зәредей де кінәсі жоқ Еламан, Ақбала – Тәңірберген мырза арасында «жеңгетай» болып жүрген сукит Судыр Ахмет, «қызыл көз» Сүйеу карт тәрізді кесек-кесек бейнелер сол шағын кітаптың алғашқы тарауында-ақ жазушы тірілткен өмір спектаклінің сахнасына алысып, арпалысып шыға келеді. Бай-батырағы, ауыл-аймағы, бота-тайлағымен Қазан төңкерісі қарсаңындағы қазақ қоғамы іңірде пері көшкендей көз алдыңызда өре бастады. Бір жағынан Еламан, Дос, Мөңке, Қален бастаған қаудыр тон, қара сирақ кедей-кепшік. Ол байғұстарды ақырған теңізге айдап салып, еңбектерін сүліктей сорған орыс шонжары тентек Шодыр. Екінші жағынан сол сіңірі шыққан сорлы халықты «алып та, шалып та жығып жуандар шоғыры – Құдайменде, Тәңірберген, Жасағанбергендер. Бір-біріне ұқсамайтын, осынау кесек мінез кейіпкерлермен кездескен, кездесіп қана қоймай біріне күйініп, біріне сүйініп үлгерген оқырман, өзіне таныс та бейтаныс әлемді ашып, түс көргендей тұңғиық әсерге бөленді. Мезгіл өзенінде сапырылысқан кітап арасынан кездейсоқ қолға түскен осынау сырты пәлендей көзге ұрып тұрмаған алақандай «Қан мен терге» оқырман айналып қарай берді. Дәл сол сәтте оқырман «Қан мен тер» атты бұл роман соңғылықта үш кітап болып, қаншама рет әдемі «тонға» оранып шықса да, сол алғашқы жұпыны мұқабалы «Қан мен терді» ғұмыр бойы ұмыта алмайтынын білген жоқ. Қолындағы шағын ғана төрт бұрышты «кітап» атты киені, кітап атты құдіретті аударып-төңкеріп қарай берді. Адамзат тірлігінің осыншама июкию тағдырын буы бұрқыраған бар болмысымен оп-оңай ақ қағаз бетіне көшіре салған сөз өнерінің жұмбағын шешкісі келді. Ұзақ ойланып, ұзақ толғанды. Оқырман одан бұрын да дәл осындай, тіптен, бұдан да асқан алапат сезімді «Абай жолы» эпопеясымен тұңғыш кездескенде бастан кешкен. Онда да бозбала оқырманның ақ мұқабалы екі кітап болып шыққан атақты эпопеядан алған әсері ұшан-теңіз болған-ды. Әуезов толғаған ел мен жерге көз жұмып, ғашық болған-ды. Сол сезімінен әлі күнге айныған емес. Ұлы суреткерлер өнері өстіп ой-санада өшпес із қалдырыпты. Біз соңғылықта осы аталған екі ұлы эпопея туралы талай-талай пікірлерді оқыдық. Алайда, солардың бірінде де біз қарапайым оқырман ретінде осынау ұлы шығармалар әлемінен алған әсеріміздей әдемілікті кездестіре алмадық, пұшайман болдық. Оның сыры осынау әдеби құбылыстар туралы кім қалай жазса да, туынды болмысында жасырынған, сөзбен сипаттап, тілмен жеткізуге болмайтын аспани құпиядан ба деп ойлаймыз. Ол құпияны суреткер болмысына адам емес, Алла сыйлағандықтан ба деп ойлаймыз. Алла өзі жаратқан пендесінің 124 мыңының пешенесіне пайғамбар болуды жазған дейді. Оларға адамзатты ақ жолға баста деп аян берген дейді. Пайғамбарлар жоғарыдан түскен аянды, яғни құлағына естілген Алла сөзін, сыбырын қағазға түсіріпті. Уағыздапты. Нәтижесінде қасиетті кітаптар өмірге келіпті. Ол кітаптар адамзатты ғасырлар бойы иманға шақырыпты. Кітапқа деген құрмет содан басталыпты. Қасиетті кітаптар Алла аянымен жазылатын болғандықтан да, соңғылықта адамзат кітап жазушыларды пайғамбарлар тәрізді жоғарыдан үн аулап, сыбыр естушілер деп құрметтепті. Қастерлепті. Өйткені, күнде болмаса да, анда-санда рухания аспанында найзағайдай жарқылдар өнер туындысының бойында тілмен жеткізіп, сөзбен сипаттауға болмайтын тылсым бар еді. Оның не құдірет, не ғажайып екенін адамзат ажырата алмады. Ондай оқыс құбылыстарды жабыла жазып, жабыла түсіндіремін деп әуреленді. Алайда, ол тылсымның түбіне жете алмай арамтер болды. Адам пайымының бәрі жолда қалып, Алла аянымен, суреткер қолымен сомдалған ұлы жәдігерліктер ғасырдан-ғасырға аттады. Уақытынан озып, бүгінге жетті. Ертеңге де жетері сөзсіз.

Кітап деген құдірет туралы толғамымыз осындай ойларға жетелейді. Біз бір қағиданы болжаймыз, тұспалдаймыз, талдаймыз, талқылаймыз. Бірақ, Тәңір сыйының тылсым сырын, бәрібір, түбіне жетіп түсіндіре алмаймыз. Бүгін арамыздағы ұлы суреткер туралы да, оның әлемнің қырықтан астам тіліне аударылған атышулы шығармалары туралы да аз айтылып, аз жазылған жоқ. Бірі артық. Бірі кем. «Қан мен терді» француз тіліне аударған айтулы француз әдебиетшісі Лили Дени қазақ жазушысының талантын Лев Толстоймен теңестірген. Испан тілінде жарық көрген «Қан мен тер» алғысөзінде қазақ қаламгері испан оқырмандарына «шығыстың Шолоховы» деп таныстырылған. Алайда, әлем әдебиетін зерттеуші МГУ профессоры Николай Анастасьевтың бұл теңеулер төңірегінде өз пайымы бар: «После появления трилогии Абдижамиля Нурпеисова назвали казахским Шолоховым. Резон как будто есть: «Тихий Дон» – эпос, «Кровь и пот» тоже эпос. Но, честно говоря, это сравнение уже тогда показалось мне каким-то слишком уж очевидным, что ли, и поэтому сомнительным. А, теперь, прочитав «Последний долг», я в том давнем своем ощущении только укрепился. Если уж проводить параллели – а в литературе это дело естественное и неизбежное, – то первое имя, которое приходит на ум – Уильям Фолкнер. И самое последнее. Об исчерпанности романа как формы говорят давно. По-моему, сформировалась эта концепция в сознании смятенном и уме, отказывающемся принять вызовы эпохи. Но, убедительнее всего опровергает ее живое движение культуры, укрепляющееся такими произведениями, как «Последний долг». Они появляются в количестве невеликом, но так оно и должно быть. Литература во все времена – продукт штучный».

Профессор Николай Анастасьев қазақ жазушысының әлем әдебиетіндегі алатын орны жайлы бұл ойларын 320 беттік «Небо в чашечке цветка» атты түбегейлі зерттеу-монографиясында одан әрмен дамыта, тарата түседі. Әбдіжәміл Нұрпейісов шығармашылығын орыс зерттеушісі соңғы ғасырлардағы әлем әдебиетінде, оның ішінде де кең тынысты эпикалық жанрлар саласында құбылысқа айналған Л.Толстой, М.Әуезов, М.Шолохов, Э.Хемингуэй, У.Фолкнер, М.Пруст, Р.Роллан, Т.Манн романдары қатарында қарастырады.

Әбе әдеби-қоғамдық өмірдің әлі де қайнаған ортасында.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ
ТАРИХИ ФОТОСУРЕТТЕРІ ТАБЫЛДЫ

Ресейдің қазіргі заман тарихының мемлекеттік орталық мұражайынан қазақтың XX ғасыр басындағы шынайы ұлт көшбасшысы Әлихан Бөкейханның жаңа фотосуреті табылды. Оны «Айқын» газетінің тілшісі, журналист Серікбол Хасан мұражай қорынан іздеп тауып ұсынды.

№ 2 фото. Ә.Н. Бөкейхан. Омбы, 1902 ж.

№ 3 фото. Гүбернелік хатшы мәртебесінің белгісі

Бұл фотосурет даңқты қоғам, және мемлекет қайраткері, шынайы ұлт көшбасшысы, қазақтың XX ғасыр басындағы «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының идеологиялық негізін қалаушы әрі оның саяси жетекшісі, Алаш Республикасының төрағасы Әлихан Бөкейханның ең жас күнінде түскен алғашқы фотосы(*№ 1 фото*). Бұл суретте ол шамамен 30-31-де.

Салыстыру үшін айтсам, Алты Алаш көшбасшысының 2014 жылы Омбы мемлекеттік тарихи өлкетану мұражайынан табылған фотосуретінде жасы 35-те болатын *(№ 2 фото)*. Бұл тарихи суретте Императорлық орыс география қоғамы Батыс Сібір бөлімінің құрылғанына 25 жыл толуын атап өткен жиын бейнеленген. Батыс Сібір бөлімі Басқару комитетінің (Распорядительный Комитет) мүшесі Әлихан Бөкейхан – бірінші қатарда қақ ортада отыр *(№ 4 фото)*.

Жаңа табылған фотосуретті В.Коркин деген түсіріпті, түсірілген жері ретінде Омбы қаласы, ал уақыты – XX ғасырдың басы деп жазылыпты. Фотоқұжат мұражайда «***Беляков А.А. и Букейханов А.Н., член Гос.Думы***» деген атаумен сақталыпты.

Алексей Алеександрович Беляков (1869-1927) – Самар қаласында шаруа отбасында туған, халық ұстазы. 1880-жылдары «Халық және азаттық» немесе «халықшылдар» төңкерісшілер қозғалысына араласа бастайды. 1893 жылы болашақ «дүние жүзі жұмысшыларының көсемі» Володя Ульяновпен (Ленин) бірге Самара қаласында марксистік үйірмесін ашуға атсалысады. 1896-1897 жылдары Беляков Челябіде «Орал жұмысшылары одағын» ұйымдастырушылардың бірі, Әлихан Бөкейхан марксизмнің бірден-бір теңдессіз насихатшысы әрі редакция қызметкері болып істеген омбылық «Степной край» газетінің тұрақты тілшісі болады. Сол жылдары аталған «Одақтың» құрылтайшылары Ә.Н.Бөкейхан мен А.А.Беляков арқылы «Степной край» газетінде Златоуст жұмысшыларының экономикалық қозғалысы туралы жазып тұрды. 1898 жылы астыртын «Орал жұмысшылары одағы» әшкереленіп, Беляков Архангельскі гүбернесіне 3 жылға жер аударылады. 1901 жылы Сібірге қайта оралып, Томскіде Әлімхан Ермекұлы бітіретін Технологиялық институтының ғимараты, Омбыда бірнеше жаңа ірі қасапхана (скотобойня) құрылыстарын басқарады. Қысқасы, болашақ «Алаш» қозғалысының жетекшісі Әлихан мен Алексей Беляков «Степной край» газетінде жұмыс істеген жылдарынан әріптес, дос болған.«Алаш» көшбасшысының ұзақ жылғы досы, ғылыми әріптесі әрі саяси үзеңгілесі Сергей Порфирьевич Швецов 1930 жылы «Северная Азия» журналында жарық көрген «*Омская газета «Степной край» и политическая ссылка. К истории сибирской печати*» атты естелігінде: «*А.Н. Букейхан... представлял собою марксисткое направление в газете и был, несомненно, наиболее ярким его выразителем. Я бы сказал даже – единственно ярким... Третьим марксистом был А.А. Беляков, занимавшийся подрядными работами на строившейся Сибирской железной дороге. Я не считаю Белякова строго выдержанным макрсистом, хотя он неизменно, до самой смерти своей, стоял в революционных рядах, притом наиболее крайнего направления*», - деп жазды.Бірақ А.А. Беляков ешқашан Мемлекеттік Думаға депутат болған емес. Думаның 1906 жылғы I-шақырылымына депутат болған – Әлихан Бөкейхан. Екеуі бірге түрған сурет – XX ғасырдың басында емес, «Степной край» газетінде бірге істеп жүрген 1896-1897 жылдары түскені анық. Оны Ә.Н. Бөкейханның үстіне киген ормантанушы-ғалым маманының киімі (кителі) әрі жағасына таққан «гүбернелік хатшы» («*губернский секретарь*») мәртебесінің белгісі (*№ 3 фото*) толық дәлелдейді. Одан да маңызды дәлелі – 1896-1897 жылдары Әлихан кеше ғана жоғарғы оқуын бітірген, әлі мұрты шықпаған жас маман еді. № 2 фотосуретке назар аударсақ, қазақтың болашақ ұлт көшбасшысының шамамен 1901-1902 жылдардан бері қарай мұрт жібергенін, I Мемлекеттік думаға депутат болып сайланған 1906 жылы – алғаш рет шоқша сақал да өсіргенін *(№ 5 фото)* байқаймыз.

№ 1 фото

№ 5 фото. Ә.Н. Бөкейхан – I Мемлекеттік думаның мүшесі. Булла фотоательесі. 8 шілде, 1906 ж., СПб.

Өзге архив құжаттарына қарағанда (*Ә.Н. Бөкейханның 1895-1904 жж. отаршыл империяның Жер істері және мемлекеттік мүлік министрлігі Орман корпусына қараған орман шаруашылығы саласында, 1909-1915 жж. Самарда Дон жер банкісінде қызмет істегені туралы мұрағат құжаттарын тауып, ғылыми айналымға қосқан заңгер ғалым, алаштанушы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұрлан Дулатбековке Тәңірі жарылқасын айтамын. – С.А.*), Әлихан С.-Петерборлық Орман институтын 1894 жылдың қыркүйегінде тәмамдап, «II-дәрежелі ормантанушы-ғалым» дипломын (*№ 6 фото*) алысымен (*одан 1 жыл бұрын Императорлық С.-Петербор университетінің заң факультеті курсын экстерн түрде бітіріп заңгер дипломын алған болатын. – С.А.*), 1894 жылдың күзі – 1895 жылдың қысында Тобыл гүбернесінің Ялутаров оязындағы келімсек шаруалардың халін зерттеген «Тобыл экспедициясындағы» жұмысын аяқтаған соң, сол жылдың тамызында Ақмола облысының Омбы оязы орманшылығы орманшысының көмекшісі – төменгі орман мектебінің оқытушысы қызметіне тағайындалып, Омбыға оралады. Содан төменгі орман мектебі Омбыдан Бурабайға көшіріліп, оның оқытушысы қызметінен босап, Ресей империясының Жер істері және мемлекеттік мүлік министрінің бұйрығымен 1897-1901 жылдары Қазақ облыстарын зерттеген «Щербина экспедициясының» құрамына енді статистик-ғалым ретінде жіберілген 1897 жылдың мамырында Әлихан Бөкейхан ормантанушы-ғалым кителінен біржола құтылады (*№ 7 фото*).

Ерекше айта кететін жайт. Өкінішке орай, әзірше Әлиханның 1873-1886 жылдары Қарқаралыда 3 жылдай медреседе оқып қара танығаны, бастауыш орыс-қазақ мектебінде оқыған жеткіншек, 4 сыныптық кәсіби (*етікші*) училищеде, 1886-1890 жылдары Омбы техникалық училищесінде оқыған бозбала кезіндегі, не болмаса – 1890-1894 жылдары С.-Петербор Орман институтында оқып, 1893 жылы СПб университетінің заң факультеті курсын карама-қатар тындап, экстерн түде бітірген студент жылдарындағы бірдебір фотосуреті табылмай келеді. Ондай фотосуреттер, ғылыми

№4 фото. Орыс география қоғамы Батыс Сібір бөлімінің 25-жылдығы салтанатына жиналған Басқару Комитетінің (*Распорядительный Комитет*) мүшелері мен оның қамқоршысы Дала генерал-губернаторы. Омбы, 1902 ж.


АТТЕСТАТЪ

№ 6 фото



№ 7 фото

№ 8 фото

мақсатты айтпағанда, Алты Алаш көсемі мұрасының хронологиялық тәртіппен құрастырылған 15-томдық жинағының әрбір томының мұқабасына сол жылдары түскен суретін салу үшін де аса қажет болатын. Міне журналист Серікбол Хасан тапқан жаңа фотосуреттің ғылыми да, тарихи маңызы сол себепті де арта түседі. Осы жаңалығы үшін ізденімпаз журналист Серікбол Хасанға - алаштанушы, әлиханханушы ғалымдардың атынан - Алаш қайраткерлерінің сөзімен - Тәңірі жарылқасын айтамыз!

Қорыта келгенде, жаңа фотосуретті – 15-томдық жинақтың қосымша 3 мың данамен басып шығарылатын 1 және 2 томдарының мұқабаларына шығару көзделіп отыр (*№ 8 фото*).

Айта кететін жайт: «Әлихан Бөкейхан. Шығармалары – Сочинения» жинағының 1-2 томдары, «Ақ жол» (газеті). Көптомдық» жинағының 1-25 томдары, сондай-ақ тағы бірқатар «Алаш» қайраткерінің мұрасы «Ақ жол» демократиялық партиясының Азат Перуашев бастаған Парламент Мәжілісіндегі фракциясының қолдауымен және ықдаһат етуімен жарық көрмекші.

Сұлтан Хан АҚҚҰЛЫ

■ KÁSIP

Алматы қаласында ТМД елдерінде табысты еңбек етіп жүрген ИНКОМ компанисының 50 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Отырысты жүргізіп отырған Новосибир ғылыми-өндірістік кәсіпорны директоры Владимир Изатовтан бастап Санкт-Петербург, Минск және өзге де қалалардан келген қонақтар қатысты. Біздің елімізден құрылыс-сәулет саласы мен көптеген кәсіпорындар өкілдері шетелдік әріптестерімен алдағы жұмыс жоспарлары туралы пікір алмасты. Айтулы шараның басы-қасында жүрген, кезінде Тараз қаласы әкімінің орынбасары, Алматы қаласы Әуезов ауданының әкімі болған, құрылыс, энергетика және қала шаруашылығының білікті маманы, бүгіндер Новосибирдегі Мемлекеттік жүйе және технология университетінің тыңдаушысы, БИМ технологиясы бойынша ғылыми диссертация қорғауға дайындалып жүрген Әділ Сағымбекұлы Несіпбаевтың аталмыш тақырып бойынша әңгімесін оқырмандарымыздың назарына ұсынамыз.

Әділ НЕСІПБАЕВ:

БҮГІНГІ ТАЛАП БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕШЕ

Қазіргі техника мен технология шұғыл дамыған заманда қандай да болсын саланың жұмыстарын жаңа талаптарға сай ұйымдастырмағандар ұтылады. Сондықтан, ғылыми негізделген белгілі бір жүйені қалыптастыру аса қажет. Сондай заманауи ірі кәсіпорындардың бірі, бергісі бүкіл Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдеріне өте жақсы танымал, шетелдерге де белгілі – Инком компаниясы.

Алғашқы қадамын жасағанына биыл елу жыл толып отырған Инком кәсіпорны құрылыстағы сметалық құжаттар және соған жұмсалатын ресурстық шығындарды автоматтандыру осы бағыттағы жаңа бағдарламаларды кезең кезеңімен жасап, өндірісте іске асырып келеді. Кезең-кезеңімен дейтін себебіміз, компания құрылған алғашқы жылдарда біздегі қоғамдық экономикалық жүйе социалистік негізде болғаны белгілі. Ол кездер бізде ғана емес бүкіл әлем бойынша техника мен технология дәп бүгінгідей жоғары деңгейде дамымаған блатын. Дүниежүзілік даму үрдісіне байланысты өндірісті де өзгеше ұйымдастыру қажеттілігі туындады. Соңғы жиырма жылда әлем адам танымастай өзгерді. Жаһандану жер жүзінде жылдам қарқын алды. Оған ілесудің өзі қиынға соққанын күнделікті көріп жүрміз. «АВС-4» деп аты айтып тұрғандай бір ғана осы бағдарламаның өзі төртінші кезеңді басынан өткеріп отыр деуге болады.

Сметалық жобалауды және құрылыс шығындарын есептеуді автоматтандырудың бұл үлкен ұжымы төрт ірі кәсіпорындардан тұрады. Соңғы қолға алынған «Сметалық жобаларды автоматтандыру-4» бағдарламасы бүгінгі күні жобалау, мердігерлік ұйымдардың қатыстырылуымен іске асуда. Өйткені, жобаның өндірісте қалай іске асырылуына баса назар аударылып отыр. Бұл жай ғана бағдарлама емес, сметалық, құрылыстағы ресурстық шығындарды анықтап ғылыми негізде белгілеу сияқты маңызды қажеттілікті тұтастай қалыптастыратын күрделі жүйе. Бағдарламаға Ресей мемлекеттік стандарттық сертификаты берілген.

Инкомның ТМД деңгейінде бұл өткізіліп отырған мерейтойлық шарасына қатысушыларына қарап-ақ оның қызмет ауқымын аңғаруға болады. Әсіресе, компания Ресей федерациясы мен Беларусияда және біздің елімізде белсенді жұмыс істеп келеді. Еліміз бойынша бұл саланың тарихына көз жүгіртсек, шығындарды экономикалық элементтері бойынша топтастыру алғаш рет құрылыс саласына 1983 жылы 12 қаңтарда сол кездегі КСРО қаржы министрлігінің

«Құрылыста өндіріске жұмсалған шығындарды экономикалық элементтері бойынша есептеу нысаны туралы» хаттамасында енгізілген болатын. Содан бері, 36 жыл ішінде тек қана біздің елімізде осы бағытта қаншама ілгерілеу мен жетістіктерге жеткеніміз жұртшылыққа мәлім. Инком қызметі бүгінгі күні еліміздегі аймақтарда кеңінен қолданылуа.

Компания қызметі әртарапты. Мысалы, «Аккорд» бағдарламасы өндірістің жұмыс жоспары мен жобаларын жасауға бағытталған. Ол құрылысты жүргізудің классикалық үлгісіндегі басқару ұстанымдарын қолданса, «ПИР» жобалау-зерттеу жұмыстарының ғылыми негізделген құжаттарын дайындайды. Сол сияқты құрылысқа қажетті өзге де бағыттар бойынша қызмет көрсетеді.

Бәрімізге мәлім болып отырғандай, қазіргі заман талабы бұрынғыдан мүлдем өзгеше, тіпті қатал деуге болады. Техникалық білімімізді жоғарылатпай, алға басамыз дегеніміз – өзімізді алдарқатып жұбату ғана. Батыл қадам жасау үшін бұрынғы білімді мамандарды қайта дайындау қажеттілігі де бар. Бүгінгі маман қазіргі техникалық дамудың көшіне ілесе алатындай болуы қажет. Мемлекетімізде қабылданған заңнамалардың талабы бойынша қандай да бір өндірісті болсын цифрлық автоматтандыру, оның ішінде ғимарат, қондырғылар, тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыстық нысандар салу мен оған жұмсалатын шығындарын анықтау барысында оны іске асыруымыз керек. Қазіргі дамыған мемлекеттер жүзеге асырып жатқан БИМ технологиясын пайдалану мамандардың жоғары біліктілігін қажет етеді. Сондықтан, қаншама шығындарды қажет етсе де мамандарымызды оқыту, әсіресе, жас мамандардың кәсіби деңгейін көтеру заман талабынан туған қажеттілік екенін көріп отырмыз. Жаңа тәсілдер мен шешімдерді игермей ісіміз алға баспайтынына көз жеткізіп отырмыз. Мінекей, бүгінгі өткізіп отырған конференция тек қана мерейтой емес, оның біздің мамандарға тигізер пайдасы да мол. Бізге алыс-жақын шетелдердегі білікті мамандардан үйреніп, үлгі алғанымыз абзал, оның ешқандай ұяттығы жоқ. Білмегенін сұрап алған адам ғана бірдеңені үйренеді.

Бұл жағынан «Инком» компаниясы мамандары да тартынып тұрған жоқ. Олардың жұмыс жоспарына назар аударсаңыз бір ғана Алматы қаласының өзінде осы бағыттағы қызметке қызығушылық білдіретіндер үшін айына 4-5 рет семинарлық, теориялық және тәжірибелік шаралар ұйымдастырып келе жатқанын байқаймыз. Мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғаса береді. Осы шараларға қатысу арқылы біздің мамандарымыз біліктілігін арттырып, жаңа әдістерді үйреніп, тәжірибе жинақтай алады. Атап өтейік, қызығушылар саны жылдан жылға артып келеді. Бұл әрине, қуанарлық жағдай. Құрылыс саласында білікті мамандарымыз болса, бүгінгі күні үлкен мәселеге айналған тұрғындарымызды баспанамен қамту да жылдамдай түсері анық. Сол сияқты, халықты жұмыспен қамтитын өндірістік ғимараттарды көбейтуге мүмкіндіктер пайда болады. Сондықтан, жаңалыққа жатсына қарамай оны тезірек игеруге бәріміз күш салуымыз керек.

Бек МЫРЗАУЛЫ
qazaquni.kz

КЕНЕСАРЫ БЕЙНЕСІ
ҰРПАҚ САНАСЫНАН ӨШПЕЙДІ

«Арқада Бурабайға жер жетпесе,
Қазақта Кенекеме ер жетпейді»...

Мағжан.

«Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. ...өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады, әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр». Бұл – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атақты «Ұлы Даланың жеті» қыры мақаласынан үзінді. Осы еңбектегі «Ұлы даланың ұлы есімдері» тарауында аты ерекше аталатын тұлғалардың бірі – Кенесары Қасымұлы.

«Ең әділ сарапшы – уақыт» демекші, ғасырлар бойы бүркемеленген талай-талай тарихи шындықтың беті кейінде тіптен ашыла түскендей. Ел азаттығы жолында бастарын ажалға тіккенімен, еңбектері ұрпақ санасына теріс сіңіріліп келген арыстарымыздың нағыз бағасы енді-енді айқындала бастағандай.

Хан Кене ел азаттығы жолында арыстандай арпалысса да, өз қандастарының басын толық біріктіре алмады. Оның қайсыбір жақын тұстастарының өзі қиын сәтте теріс айналып кетті. Сәтсіздіктің екінші бір себебі, әрине, қарсыластармен арадағы күштің салмағына да тікелей байланысты болды. Сол кездегі азуы алты қарыс Ресей империясы мен сайын сахарада жайбарақат жатқан қазақ елінің экономикасын салыстыруға келмейді. Мұнымен қатар Орта Азияны мекендеген көршілес халықтардың да ел басшылары көрегендік таныта алмады. Мәселен, Қоқан, Хиуа хандықтары империя отаршыларымен арпалысып жатқан Кенесарыға көмек көрсетудің орнына, «жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартады» дегендей, қазақ жеріне шабуыл жасауын тоқтатқан жоқ. Десе де, олар осы қателіктерінің сазайын тартты. Олар да дербестіктерінен айырылып, кешікпей өздері де боданға айналды. Бұл тарихи шындықтың мәнін жас ұрпақ мықтап ұғынуы керек – бірлік болмай, тірлік болмайды.

Хан Кененің де осы ұлы мүдде жолындағы жанкиярлық ерлік істерін лайықты бағалаған елі, яғни үш жүздің халқы бірігіп, 1841 жылдың қыркүйек айында оны қазақтың ханы етіп сайлаған екен. Қазақ мемлекетін құрудың алғашқы нышандары дәл осы кезде басталды. Осы күнге дейін қазақ елінің тәуелсіздігінен айырылуы 1731 жылдан бері делініп келді. Бұл, біздіңше, жаңсақ. Қаһарман Кенесары Ресей отаршылары мен Қоқан, Хиуа хандықтарының басқыншыларына тойтарыс бере отырып, сол 1841 жылы қазақ мемлекетін құрды. Өкінішке қарай, оның өмірі қысқа болды. Мемлекет алты-ақ жыл тұрды.

Әйткенмен, бұл оқиғаның тарихи мәні зор еді. Алдымен ел егемендігі туралы берік идея қалыптасты. Мемлекеттік жүйе, өзге елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнату тәжірибелерінің өзі неге тұрады. Әсіресе, сол тұстардағы елін, жерін сүйген әйгілі батырларымыздың ерлік істері ұрпақ тәрбиесінде әрдайым ерекше орын алады.

Батыр бабаларымыздың ерлік істері ұрпақ тәрбиесінде аса маңызды. Алайда осыған ұзақ жылдар бойы терең мән бермей келгеніміз ащы шындық. Отаршыл идеология ықпалымен өзге жұрттың тарихын жетік білгенімізбен, төл тарихымыздан мақұрым қалуымыз жанға батады-ақ. Тіл мен діл халықтың рухани байлығы болып табылатын болса, осы жайлардан құралақан қалып, тарихты білмей, елдікті сақтаған қаһарман қайраткерлерді танымау шын мәңгүрттіктің белгісі. Ресейде де мұндайлар болған. Оларды орыс халқы «Иван не помнящий родства» деп сырттатып отырған. Ал біздің білместігіміз, жасыратыны жоқ, тіптен шектен шығып кете жаздапты. Сондықтан, біздің бүгінгі алдымызда тұрған үлкен міндет – ұрпақ санасына халқымыздың рухани мұраларын дамытып, олардың ұлттық сана-сезімін көтеру.

Кенесары ханның еліне деген сүйіспеншілігі, азаттық жолындағы табанды күресі, дербес мемлекет құруға ұмтылуы тарихымызда алтын әріптермен таңбалануға тиісті. Кенесары өз саясатында ұлттық прогресшіл, демократиялық принциптерді ұстанды, өзі жасаған тәуелсіздік идеяны басшылыққа алды.

Қазір құдайға шүкір, тарихи шындық орнына келе бастады. Сол тарихи шындықтардың бірі Кенесары Қасымұлына тікелей қатысты. Ұзақ уақыт бойы қазақтың қанын судай шашқан Ермакты батыр деп, еңіреген Кенесарыларды жау деп келіппіз.

Республикалық білім беру мекемелері елді азаттыққа бастаған батыр бабаларымыздың, оның ішінде алғаш тәуелсіз мемлекет құруға ұмтылған Кенесарының өмір тарихын оқытатын арнайы бағдарлама жасаса деп ойлаймыз. Олардың өміріне, ерлік әрекеттерін тарих, әдебиет оқулықтарына енгізіп, кластан және мектептен тыс тәрбие жұмыстарында пайдаланғанымыз дұрыс шығар. Әдістемелік құралдар, кітапшалар, кинофильмдер, плакаттар мен портреттер шығаруды қолға алу қажет.

Балалардың жас айырмашылықтарын ескере отырып жүргізілетін жұмыстардың тәсіліне орай батыр ата-баба тарихына арналған таңертеңгіліктер, әдеби-мәдени класс сағаттарын, ғылыми конференциялар, мерекелер өткізілуі керек. Мұнымен бірге жасалып жатқан шаралар ақпарат құралдары арқылы мейлінше терең насихатталып отырса дейміз.

Ұлттық приоритетсіз біз мешеу күйімізде қала беретініміз анық. Ұрпақтарымыз тарихи салт-сананы, ұлттық дәстүрді білмеген күйде мәңгүрттене бермек. Бодандық деген де осыдан басталмақ.

Біздіңше, Кенесарыдай батырлар тәлімін насихаттау осы тұрғыда әбден тиімді құралға айналмақ. Тоталитарлық жүйе кезінде бұл бабаларымыздың тарихи ерліктері мүлдем бұрмаланып көрсетілді.

Кенесары көтерілісі сипаты жағынан 1857-1858 жылғы Үндістан ұлт-азаттық қозғалысына, немесе Тайпин бас көтеруіне де ұқсап кетеді. Олардан бір айырмашылығы – Кенесары ел тәуелсіздігі үшін табандаған он жыл бойы соғысты. Бұл айтуға ғана жеңіл мерзім. Табансыз, жалтақ,ойсыз қолбасшы күні-түн ат жалында жүріп осынша күресер ме еді?!

Кенесары әскеріндегі қатаң тәртіп, жүйелі де берік тактикалық әрекеттер әлем қолбасшыларын таңдандырған. Кенекең қазақтың мемлекеттік аппаратын қалыптастырып, салық жүйесін жасап, шет елдермен дипломатиялық қатынастар орнатуға ұмтылды. Бұл істе біршама табыстарға да жетті. Біздің бірсыпыра ғалымдарымыз осы жөнінде ой-пікірлерін көпшілікке жеткізіп жүр. Солай бола тұра Кенесары концепциясының негізгі белгілері толықтай ашылды дей алмаймыз. Бұл көпшілігіміздің күні бүгінге дейін төл тарихымызды сыйламағандығымыздың жемісі деп ойлаймыз. Енді сол тарихи кезеңдерге мейлінше объективті баға беретін кезіміз жетті.

Кенекеңнің ерлігі сонда – ол сол қиын кезеңнің өзінде саяси концепциясын қалыптастырып, мемлекеттік құрылыс жүйесін жасап шықты. Оның бір ерекшелігі – елді азаттыққа бастаған қолбасшы мемлекеттік құрылысты монархия түрінде қалыптастыруға тырысты. Бір қарағанда, бұл санаға сыйымсыздау да болып көрінеді. Бірақ дәл сол кезде осы жүйемен дамыған Франция Еуропадағы ең ірі мемлекеттердің біріне айналған болатын. Абылай хан да осы жүйеге ұмтылған еді. Кенесарының жеке қасиеттеріне үңілсек, ол қара қылды қақ жарған әділетті қолбасшы ретінде ерекшеленген. Мұнымен қатар тұрақты әскер қалыптастырып, оны мобильді жағдайға жеткізіп, бір қолға бағындыру нағыз кемеңгер қолбасшының қолынан ғана келетін іс екендігі аян. Кенесарының дипломат ретіндегі қыры да үлкен әңгіме. Жалпы, Кенесары тарихы шұқшия зерттеуді талап етеді.

Кенесары Қасымұлының хандығы, Ресей және Орта Азия мемлекеттерімен қарым-қатынас, азаттық күресті бастағандығы қолбасшының өнері жөнінде тың деректерге сүйеніп, терең әңгіме қозғауға болар еді.

Абылайдың тікелей ұрпағы және оның хандығын қалпына келтіруді мақсат еткен Кенесары көтерілісіне дем берген халықтың күші, қолдауы болса, осы қозғалыстың тегеурінді болуына себепші болған басты тірек, сөз жоқ оның саясатшылдығы мен қолбасшылық қасиеті.

Франция сияқты қуатты елді талқандап, зор күш пен қаружараққа сүйенген Ресей отаршыларымен соғысу оңай емес-тін. Кенесарының бір кемеңгерлігі – ол алғашқыда ашық арпалысқа бармай, арадағы кикілжіңді парасатпен, келіссөзбен шешуге ұмтылды. Оның өз қарауындағы орыс әскери тұтқындарына адамгершілікпен қарауы, Герм мен Долговтың елшіліктерімен басын төмен түсірмей теңбе-тең дипломатиялық келіссөз жүргізуі де Хан Кененің ерекшеліктеріне жатады. Қырғыздармен қанды арпалысты бастағысы келмеген Кенесарының осы елдің белді манаптары Орман мен Жантайға салауат жариялауы да қазақ ханының білікті саясат жолын аяғына дейін ұстағанының бір дәлелі. Кенесарының осы қабілетті қолбасшылық, мәмлегерлік өнері туралы бірталай жазылды. Деректер көтеріліс көсемінің бұл қырлары туралы әлі де көптеген жәйттерді аша түсетіндігі сөзсіз. Ханның әскерді ұйымдастыру бағытындағы нәтижелі істерін әлі де тереңдете зерттеген жөн. XIX ғасырдың соңында осы көтеріліс жөнінде еңбектер жазған орыс ғалымдары Красовский, Мейер, әсіресе Середа оның ғажайып ерліктері жөнінде тамаша ойлар айтқан.

Середаның айтуынша, Кенесары әскеріндегі тәртіпке кез-келген европалық қолбасшы таң қалар еді. Оның Кенесарыны ерте және жаңа заманның белгілі қайраткерлерімен салыстыра сипаттауы ханның биік бейнесін жарқырата түседі.

Әскерін мылтықпен, зеңбірекпен жабдықтаса да Кенесарыға бақайшағына дейін қаруланған қатал тәртіптегі тұрақты орыс әскерімен арпалысу аса қиынға соқты. Алайда, ханның қолбасшылық өнері, сарабдал саясаты арқасында көтерілісшілердің отаршылармен он жыл бойы табан тіреп соғысуы шын мәніндегі үлкен ерлік. Болашақта Кенесарыға қатысты осындай мәнді-мәнді мәселелерді тереңдете зерттегеніміз жөн.

Кенесары өз заманының нағыз батыры, күрделі тұлғасы еді. Ол өз кезінде-ақ асқан әскери қолбасшы, саясаткер, алғыр ел басшысы ретінде танылды. Ол туралы әсіресе орыс басылымдарында өте қисапсыз көп зерттеулер бар. Ал архив қоймаларында жатқан деректер өз алдына.

Қарап отырсақ, Кенесары көтерілісі жайында қалам тербеп жүрген біздің замандастарымыздың көпшілігі сондай мол шежірелерге жүгінбей, тарихи шындықтың бетін қалқып қана, бірден-бірге көшірме жасайтындай екен. Іздегенге ел тәуелсіздігі үшін қан төккен Кенекең өмірі туралы көптеген тың жайларды ашуға болады. Мәселен, дүние жүзі оқырмандарына белгілі, ұстанған бағытына байланысты талай-талай ғылыми диссертацияларды жариялап отырған «Вестник Европы» журналы 1870 жылдың өзінде Кенесарының ерлігіне бірнеше санын арнаған екен. Ол еңбектердің авторы – атақты тарихшы Никита Середа. Кенесары тағдырына әйгілі Жюль Верннің де қызыққаны жөнінде деректер мол. Ол сайын сахарада жатқан халықты бір кісідей еркіндік жолындағы күреске көтерген қолбасшы қандай ер болды екен деп қатты таңданыпты. Тіпті, ол таңданып қана қоймай, бұл мәселені бірталай шұқшия зерттесе де керек.

Сол сияқты Кенесарыдай қолбасшылардың тарихына арналған «Түркістан аймағы» деген еңбек ертеректе орыс тілінде Ташкентте елу том болып жарияланған екен.

Өкінішке орай, сол еңбектің ең болмағанда бес томын біздің өз елімізден таба алмаймыз. Төл тарихымызға қашанғы осылайша немқұрайды қарай береміз?

Әрине, бұл тақырыптарда жиналған материалдар мүлдем жоқ деп ауызды ку шөппен сүртуге де болмас. Академиямыздың қорында біршама дүниелер жатыр. Мәселен, Әлкей Марғұлан ағамыздың археологиялық экспедицияларға шыққан кездерінде ел аузынан жинаған төрт томдық еңбегі бар. Қолдағы қазынаны тиімді пайдаланып, тарихты бұрмаламай, ұрпақ қолына тигізуіміз керек.

Және бір айтылатын жәйт – біз Кенесары қозғалысын еске алғанда оның әскері құрамында кімдер болды деген мәселені аттап өте береміз.

Кенесары қолы, әрине, негізінен қазақ халқынан құралды. Мұнымен бірге осы Ресей отаршылдығына қарсы күрестегі әскер құрамында өзге ұлттың өкілдері, мәселен, орыстар, башқұрттар. Татарлар, поляктар да көп болған. Кенесары қолға түскен тұтқындарды құлдықта ұстамаған. Оларды қолдарынан келетін кәсіптеріне қарай саралап, тиімді істерге пайдаланған. Демек, сол ұлт-азаттық көтерілісіне жан-жақты талдау жасап, елге беймәлім жайларды әдеби, тарихи тұрғыдан аша түсуіміз қажет. Сөйтіп ұрпақты ұлтжандылыққа, Отанды сүю тәрбиесіне пайдаланғанымыз дұрыс.

Кенесары көтерілісі, оның бейнесі ұрпақ санасынан өшпейді. Бұл тарихи оқиғаның ұмытылуы мүмкін емес. Ол қазақ халқының тарихымен бірге жасай береді. Халқымыздың көрнекті өкілдерінің оған назар аудармағаны кемде-кем. Тіпті, осы қозғалысты көзімен көрген орыс әкімдерінің өздері де Кенесарының ерлігін, әділдігін, қолбасшылық талантын, оның не үшін күрескенін де объективті тани білген болатын.

Кенесарының тарихы – қазақ мемлекетінің, қазақ хандығының, еліміздің отарлау тарихымен сабақтас. Олай болса, қазақ хандығы туралы бір кездегі марксистік-таптық көзқарас, яғни, хан феодал, езуші тап халықтың жауы болды деген бір жақты пікір бізді шындыққа жеткізбейді.

Жалпы, қайраткерлердің тұлғасын оның тегіне, әлеуметтік категориясына, лауазымына қарап бағалау қате болар еді. Олар өз кезіндегі нақты тарихи жағдайына байланысты бағалануы тиіс. «Өмірдегі орныңды тарихтағы орным деп ойлама» деп Қадыр ақын айтқандай, ең дұрыс баға, әділ баға – тарихтың бағасы.

Өкінішке қарай, халықтың ғылыми объективті тарихының жазылуы оңай іс емес. Ғылымның дамуы үшін де белгілі дәрежеде демократиялық жағдай керек.

Қазір қазақ тарихын жазушыларға сын көп, сыншы көп. Талап қою дұрыс, бірақ әдептен озбаған абзал. Қазақ елінде патшалық билік кезінде бірде-бір профессионал тарихшы болған жоқ. Қазақ мектептері де жоқ еді. Біздің тарихымызды өзге ұлттың өкілдері, қазақтың тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдениетін білмей, негізінен, Қазақстанды Ресейдің отары есебі санайтын патша чиновниктері, әкімдері жазды. 1927 жылы Мәскеуде тұңғыш тарих профессоры атағын алған Санжар Аспандиярұлының мамандығы – дәрігер, ал тарихшы, өлке танушы болған Мұхамеджан Тынышбайұлы – темір жол инженері еді. Тұңғыш тарих ғылымының докторы дәрежесіне жеткен жалғыз қазақ Ермұхан Бекмахановтың 1943-1961 жылдар аралығында қаншама қуғынға ұшырағандығы белгілі. Отаршылдықтың шоқпары, сталиндік репрессиялар, Ресейдің шовинистік рухтағы орталық үстемдігі – осының бәрі тарих ғылымын да құрсаулап, табан аттатпай келді.

Мұны ұмытуға бола ма?! Ал соңғы жалдарда өскен тарихшы кадрларымыздың көпшілігі жас өмірін КПСС тарихына сарп етті. Бұлардың арасында қазақтың тілі мен әдебиетін, мәдениетін білмейтіндер де жеткілікті болатын.

Оның үстіне ескі қолжазбалар, саны сиреп қалған құнды тарихи еңбектер, репрессияға ұшыраған зиялыларымыздың құнды мұралары жойылуға жақын.

Осы айтылғандардың бәрі халықтан, біздің тәуелсіз мемлекетімізден халқымыздың тарихына деген жаппай жанашырлық пен жан-жақты қамқорлықты, нақты көмекті талап етеді. Шындық осы.

Бір сүйіндіретіні – бүгінгі бауырластарымыздың басым көпшілігі өте сауатты, Кенесарыдай бабаларымыз армандаған биік елдік мүддені жақсы түсінеді. Ендігі мақсат – ел ертеңі жас ұрпақтың жас Тәуелсіз мемлекетіміздің дербестігі , іргелі ел болу жолында аянбай тер төгуі деп білеміз.

Құлан САҒАТҰЛЫ

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Сондықтан біз атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек» деген жолдар бар. Қазақ халқының даңқын айдай әлемге жайған асыл ұлдардың бірі – Совет Одағының Батыры, даңқты Бауыржан Момышұлы екені анық. Төменде автор халықтың осынау ардақты перзенті туралы ой толғайды.

АЛАШТЫҢ АЙБЫНЫ – БАУЫРЖАН

Бауыржан Момышұлы. Өрліктің синонимине, ерліктің символына айналған аса ардақты әрі айбынды есім. Оның алып тұлғасы бар биіктің ішіндегі заңғардай, қыран қия тәрізді қиырдан мұнартады.

Ұлы баба есімі әр кез еске алынып, ерліктері жас ұрпақ алдында сырдай сөз болып, жұрт алдында жырдай айтылып отырса, оның өнегесі талай жүректерді жаулап, түлектерді баулып, қанаттандыра берері сөзсіз.

Ерекше айтар жайт, Елбасы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Баукең жұлдызы болған күн – халықтың жұлдызы жанған күн» деген сөзі менің ұсынысыммен ескерткішке қашалып жазылды. Өйткені, Президентіміздің ерік-жігерінің арқасында Бауыржан Момышұлына (қайтыс болғанынан кейін) «Кеңес Одағының Батыры» атағы беріліп, тарихи әділдік қалпына келтірілді. Сонда батырдың ұлы Бақытжан Момышұлын ең алғаш болып құттықтаған Н.Ә.Назарбаев өз хатында осылай жазған.

Батыр бабаның жаңа ескерткішінің ашылу рәсіміне мәртебелі меймандар, Баукеңнің туған-туыстары, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, генералдар, Кеңес Одағының Батыры, ауған ардагерлері, Парламент депутаттары, қоғам қайраткерлері, жалпы, есебі үш мыңға жуық адам қатысқан.

Ескерткіштің ашылу салтанаты аясында Бауыржан атындағы білім ордасының табалдырығын енді аттаған шәкірттер ант қабылдады. Сондай-ақ жарыс ұйымдастырылып, мектеп-интернаттың түлектері мен ат спорты секцияларының өкілдері көкпардан сайысқа түскен.

Айтқандай, Кеңес кезінде-ақ Бауыржан Момышұлы ата-бабамыздың батырлық дәстүрлерін кеңінен насихаттау, ұлттық спорт пен өнерді дамыту ісін ілгерілетуге үлес қосқаны мәлім. Бұған батырдың 1940 және одан кейінгі жылдардағы сол тұстағы Қазақстанның бірінші басшысы Жұмабай Шаяхметовке жазған хаттары айғақ.

Біз мұндай шаралармен шектелмек емеспіз. Батыр баба мұрасын орыстілді оқырманға да етене ету үшін «Герой» атты кітап жаздым.

Мұның сыртында ҚР Қорғаныс министрлігінің төрт өңірлік қолбасшылығының сұранысы бойынша шыққан «Қолбасшы күнделігі – Дневник полководца» атты кітап та бар. Бұл жинақ елі емірене қадірлейтін, білімін – бағдар, өмірін – өнеге, тағдырын, талантын, тазалығын – тағылым тұтатын асылымыз, ұлы қолбасшы Бауыржан Момышұлының нақыл сөздерінен құрастырылған.

Б.Момышұлы қанша уақыт өтсе де, тот баспайтын, құндылығын жоғалтпайтын ақиқат-шындықты шындап қана қоймай, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа шегелеп қалдырды. Ұлттық рухы мен ұлттық сана-сезімі батыр бабалардың ерлік, өрлік істерінен нәр алып жатқан ұрпақ қана мемлекетімізді «Мәңгілік елге» айналдырмақ. Бауыржан Момышұлының құдіреті ғажап, көркемдік қуаты мол нақыл сөздері мен толғаныс-тебіреністері парасаттылық пен кісіліктің, тазалық пен тектіліктің айдынын аңсаған барша оқырман үшін қызықты болары сөзсіз.

Тағдырдың тезінен аман өткеніміз де, Тәуелсіздік таңына абыроймен жеткеніміз де, ең алдымен, Алаштың арғы-бергі тарихындағы Бауыржандай асыл азаматтардың арқасы.

Ол артына сарқылмас мұра, таусылмас мирас тастап кетті. Біле білсеңіз, тіпті, ешбір мүйізі қарағайдай маршалдардан да осыншама үлкен, ұлағатты, тек әскерилерге ғана емес, басқаларға да ұстаздық өсиет ретінде қызмет етер өнегелі өмір жинағы, мұралары қалған жоқ. Жазса, бірнеше кітап, естеліктер жазған шығар. Ал, бірақ жүз томдыққа жүк болардай асыл құндылық тек Бауыржаннан ғана табылды.

Оны ұғыну, бойымызға сіңіру – бізге сын.

Біз оның бар қазынасын таныдық деп айта алмаймыз. Көзіміз шалып, ойымыз танып болмаған асқар биігі мен тұңғиық тереңі қаншама?!

Оның мұрасына, даналығына үңілсеңіз, әр сөзінің астарындағы отты сәулесі жасындай жарқ етіп, төңіректі нұрландырып жібергендей сезімде боласыз.

Даралық дариясы, тағылым телегейі қанша алсаң да таязданбайды. Қиялы ұшқыр, рухы асқақ Бауыржан Момышұлының қанатты сөздерінің құдіреті ғажап, тәрбиелік қуаты мол. Оның толқыныс-толғаныстары жүректі тербейді. Идеялық мұратының биіктігі, білім-танымының тереңдігі, философиялық көзқарасының кемелдігі қайран қалдырады. Оның ерлігі әрқашан әр қазақ баласының көкірегінде мақтаныш сезімін тұтатып тұрары сөзсіз.

Мұның барлығы Бауыржан Момышұлының мәңгілік өмірінің куәсіндей. Қазақ аман тұрғанда, Бауыржан аты өшпейді. Елбасы ұсынысымен, Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» деген ұлықты да рухты сөзі ұлы қаған Күлтегіннің, ұлы үш бидің өсиеттерімен бірге, Парламент төріне жазылды.

Осындай ұл тудырған, ұрпақ берген біздің ел «Мәңгілік ел» болуға тиіс және бұл оның табиғи құқы!

Біз осынау Ұлы даланы мұраға қалдырған бабалардың лайықты ұландары екендігімізді сезінуге, солардың рухымен рухтануға тиіспіз. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп, еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!» дейді Ұлт көшбасшысы.

Демек, қазақты қара шаңырақтың құтиесі ретінде ұрпаққа таныту үшін батырларымызды ұлықтау, сөйтіп, түптеп келгенде, төл тарихымызды танып-білу маңызды. Қазақ елінің жаңа тынысын ұлттық рухпен жарастыра үйлестіру бізді өзіміз армандаған көкжиекке алып шығары анық.

Бауыржан Момышұлы өз тұсында шепті жарып, шеңбер бұзды. Құрсауланған дәуірде тас шайнап, от жұтқан батыр еркіндік үшін бұлқынды. Азаттық ауасын аңсады. Ұлтының елдігі мен теңдігін талап етті. Азаттықтың да бастауында осындай елін қалтқысыз сүйген, қиындықтан қаймықпай, дүлей соққан дауылға қарсы жүрген қазақтың қыран мінезді ұлдары тұр. Олардың найзағай намысы мызғымас саналған, тегеуріні қатты, өкімі өктем империяның тас қамалының да қабырғасын қақыратты.

Бұл дүниеде сүтпен бірге сүйекке біткен кісілік келбетінен айнымай, тектілік тұғырынан таймай, жүзін сыртқа, арқасын ыққа бермей, ақ адал ғұмыр кешу тек дараларға ғана даритын сирек қасиет.

Барша Қазақстан халқы, жастарымыз Бауыржанды оқып, жадырасын, желпінсін.

Жүректерінде тазалық, өрлік, адалдық, адамдық қасиеттер атойласын! Отан үшін қанымызды төксек те, арымызды төкпей, Бауыржанмен рухтансақ, жігеріміз жалындап, бойымызды кернеген қуат күш ел тізгінін ұстаған, ел жүгін арқалаған Елбасымен бірге Отанымызды өрлету жолында алға қарай жетелей берері сөзсіз.

Тәубе! Тәубе!
Тәуелсіздік – теңдігің,
